

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№6 Хромтау гимназиясы»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**2021-2022 оқу жылындағы
оқу-тәрбие үрдісінің
педагогикалық талдауы.**

2022 жыл

«№6 Хромтау гимназиясы» КММ
2021-2022 оқу жылындағы оқу –тәрбие үрдісіне
педагогикалық талдау қорытындысы.

Талдау мақсаты:

1. №6 Хромтау гимназиясының оқу-тәрбие үдерісінің жүргізілуіне педагогикалық талдау жасай отырып, бүгінгі мүмкіншілік жағдайын салыстыру негізінде 2021-2022 оқу жылының педагогикалық проблемасын анықтау.
2. Мектеп қызметтілігін жоспарлау диагностика нәтижесінде айқындалған проблемалармен қиындықтарды есепке ала отырып, 2022-2023 оқу жылына жаңа міндеттер қабылдау;

№6 Хромтау гимназиясы оқу-тәрбие үрдісінің басты міндеті:

Мемлекеттік білім беру стандарт талаптарын қамтамасыз ете отырып, гимназияның әрбір білім алушысына сапалы білім мен тәрбие беру, алған білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану білігі жоғары, әлеуметтік бейімділігі жетілген, дене бітімі дұрыс дамыған, зиялы, жан-жақты, рухани әлемі бай тұлға қалыптастыру.

1. Сынып –комплект жинақталуы:

Мектепте 1–11-ші сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқу тілі – қазақ

Мектеп мына режиммен жұмыс істеді:

мектепалды, 1–4 және 5–11 сыныптары – 5 күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

1-ші ауысым – 08:00-ден бастап;

2-ші ауысым – 14:00-ден бастап.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.

Мектепалды сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 32 аптаны, 1-ші сыныптарда – 35 аптаны, 2–11-ші сыныптарда 36 аптаны құрайды.

Оқушылар контингенті

2021/2022 оқу жылының басында мектепте 714 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында 713 оқушы оқыды, оның ішіндегі

1–4 сыныптар –301 оқушы;

5–9 сыныптар –340 оқушы;

10–11 сыныптар –72 оқушы;

үйден оқитындар 3 оқушы; 6 БСЕ оқушы.

2021-2022 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 31.

Сыныптардың орташа толымдылығы:

1–4 сыныпта 23–25 оқушыдан;

5–9 сыныпта 24–26 оқушыдан;

10–11 сыныпта 18–20 оқушыдан.

2021-2022 оқу жылында оқулықпен қамтылуы туралы.

Кітап қоры –18 988 дана, оқу пәні бойынша кітап саны –16 452 , білім алушы саны –713 , оқу-әдістемелік-270, көркем-2266 болып қамтамасыз етілген. НОБД мен салыстырып тексерілді, сәйкес келеді.

2021-22 оқу жылында 1,6,7,8,9,11 сыныптардың жаңа 1903 дана оқулық алынды. 1-4 сыныптар, 6,8,9 сыныптар, 10-11 сыныптар 100% толықтай оқулықпен қамтылып, «Атамұра», «Мектеп», «Бөбек», «Арман ПВ», «Келешек», «НИШ», «Алматыкітап», «Астана кітап», баспаларынан шыққан 13500 дана оқулықтар берілді.

2020-2021 оқу жылында барлық сыныптар жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен қамтылды. Кітапхана қорындағы оқулық саны 16452 дана.

1 сынып 2021 жылғы, 2 сынып 2017 жылғы, 3 сынып 2018 жылғы, 4 сынып 2019 жылғы, 5 сынып 2017 жылғы, 6 сынып 2018 жылғы, 7 сынып 2017 жылғы, 8 сынып 2018 жылғы, 9 сынып 2019 жылғы, 10 сынып 2019 жылғы оқулықтармен, 11 сынып 2020 жылғы оқулықтармен қамтылып, оқытылды. 2021-2022 оқу жылында 1 сыныптың жаңа 1044 дана оқулық алынды. Мектеп оқулықтарының баспалары: «Атамұра», «Мектеп», «Арман ПВ», «Бөбек», «Алматыкітап», «НЗМ», «Келешек», «Астанакітап» .

Сыныптар бойынша оқулықпен қамтылу көрсеткіштері

Сыныптар	Оқушы саны	Қамтылуы (%)
1	88	90%
2	73	100%
3	55	100%
4	86	100%
5	63	100%
6	83	100%
7	78	100%
8	59	100%
9	57	100%
10	38	100%
11	33	100%
Барлығы	713	99 %

Қорытынды: 2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар және мектеп бітіруші 9,11 сыныптар толық 100% оқулықпен қамтылды. 1 сыныптың оқулықпен қамтылуы-90 %. Жалпы оқулықпен қамтылу-99 % құрайды.

№6 Хромтау гимназиясындағы білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың жүргізілуінің талдамасы.

2021-2022 оқу жылында №6 Хромтау гимназиясындағы білім беру қызметінде педагогтардың жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және білім беру ұйымдарының пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың жүргізілуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» негізінде жүргізілді.

Білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың жүргізілуінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен (өзгерісі 30.11.2020 № 809) бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары» үлгілік қағидалары талаптары басшылыққа алынады.

2021 жылы 24 желтоқсан айында гимназия директорының №87-н/қ «Білім беру ұйымындағы міндетті құжаттардың жүргізілуін зерделеу туралы» бұйрығымен гимназияның білім беру қызметінде пайдаланатын барлық міндетті құжаттардың жүргізілуі 2021 жылдың 17 желтоқсан-22 желтоқсан аралығында зерделенді. Білім алушылардың қозғалысын анықтау, мектепке келген, мектептен шығарылған оқушыларды мектеп директорының бұйрығы арқылы алфавиттік кітаптағы қозғалысты реттеу жұмысының жүргізілуі туралы анықтама жасалды. Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 Бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген міндетті құжаттардың жүргізілуі үлгісіне сәйкес жинақталуы тексеріліп, құжаттар талапқа сәйкес екендігі анықталды. Мектептегі электронды «Күнделік.kz» мектеп журналдарының жүргізілуі тексеріліп, журналдардың жүргізілуі жұмысына талдау жасалды. Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша талдамалы анықтама 2022 жылы ақпан айындағы кіші педагогикалық кеңесте қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

2021-2022 оқу жылына жасалған оқу-тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес педагогтардың міндетті құжаттарды толтыруда жіберілген кемшіліктері дер кезінде анықталып, мектепшілік бақылау арқылы түзету-дамыту жұмыстары мен әдістемелік қолдаулар дер кезінде қамтамасыз етілді.

2021-2022 оқу жылында №6 Хромтау гимназиясындағы білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттар электронды түрде және қағаз нұсқада жүргізілді.

Мектепшілік бақылау жұмысы арқылы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуына бақылауды ұйымдастыру жағдайына талдау.

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын бақылау мектепшілік бақылау жоспары негізінде жүзеге асырылды.

Мектепшілік бақылау жұмыс жоспарына сәйкес төмендегі бағыттар бойынша бақылаулар жүргізіліп өткізілді.

- оқу бағдарламасының орындалуын бақылау;
- негізгі пәндердің оқытылуы мен жүргізілуі;
- пәндер бойынша білім сапасын бақылау;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың орындалуын бақылау жұмысы төмендегі міндетті алқалы жиындарда қаралып, түрлі шешімдер қабылданып отырды

- 1) педагогикалық кеңес;
- 2) кіші педагогикалық кеңес;
- 3) әдістемелік кеңес;
- 4) директор жанындағы кеңес;
- 5) оқу ісі орынбасары жанындағы кеңес;

Қабылданған шешімдердің орындалуын жүзеге асыру қамтамасыз етіліп отырды.

Алқалы жиындарда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын жүзеге асыруда қабылданған шешімдер:

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:		
Мерзімі	Тақырыбы	Қабылданған шешімдері
қараша	<p>1. «Қауіпсіз мектеп» қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету туралы, цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау туралы Г.О.Мукашева- гимназия директоры.</p> <p>2.Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуы жұмыстары Б.И.Жасағанбергенова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары</p> <p>3. Білім алушылардың оң психо-эмоционалдық көңіл-күйін, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру. Г.Т.Максимова-әлеуметтік педагог А.Кушербаева-педагог-психолог</p> <p>4..Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейі,тоқсандық білім сапасын талдау. Ж.К.Жаржанова- директордың оқу-тәрбие орынбасары.</p>	<p>1.Білім беру ұйымын қауіпсіз және қолайлы ортасы етіп құруда ауыз су режимін сақтау, қол жууға және құрғатуға арналған құралдардың орнатылуы, санитарлық эпидемиологиялық талаптар бойынша санитарлық құрал жабдықтар қорының жеткілікті болуы және қауіпсіздіктің сақталуын цифрлық ресурстармен жабдықтау жалғастырылсын.</p> <p>2.Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмететке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу жұмыстары үздіксіз бақылауға алынсын.(Б. И.Жасағанбергенова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары)</p> <p>3.Ата-аналармен кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жұмыстары және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының 442-бабы бойынша түсіндіру жұмыстары үздіксіз жалғастырылсын.</p> <p>4.Білім алушылардың оң психо-эмоционалдық көңіл-күйін зерделей отырып, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізу және бақылауға алу психолог А.Кушербаеваға міндеттелсін.</p> <p>5.Қолайсыз отбасын анықтау, өгей әке мен тұрып жатқан балалардың отбасын бақылауды күшейту шараларын алу әлеуметтік педагог Г.Максимова және тәрбие орынбасары Б.И.Жасағанбергеноваға жүктелсін.</p> <p>6.Білім сапасын көтеру мақсатында бір пәннен «3» -ке, «4»-ке шыққан оқушылармен жүйелі жұмыстар ұйымдастыру математика пәні мұғалімдеріне А.Жаймаханға (6 «ә» кл),</p>

		<p>Г.Есжановаға (7 «ә» кл) Нурлыбаева Г.Ш (9 «ә») қатаң ескертілсін.</p> <p>7.Ағылшын тілі (А.Алдаберген-57%),тарих (Бақбергенова Г-65%) , биология (Конуспай Ару-62,5%) қазақ тілі (Сарсенова А-60,7%) пәндері бойынша білім сапасы 65 тен төмен қажетті деңгейден төмен деп аталып, сапа деңгейін көтеру жұмыстары жоспарланып, мектепшілік бақылауға алынсын. (Ж.К.Жаржанова-оқу-ісі орынбасарлары)</p> <p>8.Жиынтық бағалауда төмен ұпай алған оқушылардың себебі анықталып, білім сапасын көтеру бағытында пән мұғалімдері мен класс жетекшілердің бірлескен жұмысы жоспарланып, жүргізілсін. (Ж.К.Жаржанова-оқу-ісі орынбасарлары)</p>
<p>қаңтар</p>	<p>1.2021 жылғы 10 қарашадағы №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы. Г.О.Мукашева- гимназия директоры.</p> <p>2.Президент Қ.К. Тоқаевтың Парламент мәжілісінде жолдаған «Қасыретті қаңтар сабағы: Қоғам тұтастығы- тәуелсіздік кепілі» деп атаған халық алдында сөйлеген сөзін талдау туралы. Г.О.Мукашева- гимназия директоры.</p> <p>3.Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы. Ж.К.Жаржанова- директордың оқу-тәрбие орынбасары</p> <p>4. 4,9,11 сыныптардағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) жүргізуге дайындық жұмыстары Ж.К.Жаржанова- директордың оқу-тәрбие орынбасары</p> <p>5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің орындалуы туралы А.А.Алиева -гимназия менеджері</p> <p>6.Білім алушылардың оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын ағымдағы бақылау қорытындыларының талдауы. Ж.К.Жаржанова- директордың оқу-тәрбие орынбасары</p>	<p>1.Пәннің оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтар, оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар, оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі түріндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары нақты жоспарланып, мектепшілік бақылау жұмысы арқылы бақылауға алынсын. (Ж.К.Жаржанова)</p> <p>2.Жекелеген пәндердің (жаратылыстану бағытындағы пәндер) білім сапасын көтеру бойынша пән мұғалімдерінің жеке оқушымен жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуы, ата-ана, білім алушылар, пән мұғалімдерінің ынтымақтастықта жұмыс жасауы қатаң бақылауға алынсын. (сынып жетекшілері, оқу-тәрбие орынбасарлары)</p> <p>3.Үлгерімі төмен қабілеті бар оқушылармен жұмыс, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысы психолог-педагог, әлеуметтік педагог, класс жетекші, ата-аналардың қатысуымен оқу жылы бойы жүргізілуі жоспарланып, камтамасыз етілсін. (Мектеп әкімшілігі)</p> <p>4.Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген жауапты тұлғалардың заңдылықтарды сақтауы қатаң бақылансын. (А.А.Алиева-менеджер.)</p> <p>5,9,11 кластардағы білім сапасымен жұмыс барысында пән мұғалімдерінің жеке қосымша жұмыстар жүргізуі қатаң бақылауға алынып, білім алушылардың ББЖМ-ге дайындық сабақтарына толық қатысуын қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.(Жаржанова Ж.К.)</p> <p>6.Пән мұғалімдері оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін, білім мен дағдыларды, аналитикалық, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстары жүйелі жүргізілсін.</p> <p>7.Пән мұғалімдері екінші тоқсан бойынша бір пәннен «3» шыққан оқушыларды олқылықпен жұмыс жасау кестесі бойынша қосымша сабаққа қатыстырып, оқушылардың игере алмаған тақырыптары бойынша жұмыстар ата-анасымен байланыса отырып жүргізілсін</p>

<p>наурыз</p>	<p>1. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайы. Педагог-психолог А.Б.Кушербаева Әлеуметтік педагог Г.Т. Максимова</p> <p>2. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру Ж.К.Жаржанова- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары</p> <p>3. Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстар есебі. (физика, биология, информатика) Сарсенова А.П.-оқу-әдістемелік орынбасары</p> <p>4. Білім алушылардың тоқсандық білім сапасын талдау. Ж.К.Жаржанова- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары</p>	<p>1. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауда таным қабілеттері төмен білім алушылармен дамытатүзету жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстар жандандырылсын. (А.Б.Кушербаева - педагог-психолог)</p> <p>2. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасау, мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепшілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін. (Г.Т. Максимова- әлеуметтік педагог)</p> <p>3. Пән мұғалімдерінің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, түзету –дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда оқушыларға жекелеген тапсырмалар беру арқылы жүргізуді жетілдіру қамтамасыз етілсін.</p> <p>4. Үштілдік оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда «CLIL» тиімді әдісі, ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттыру және олардың «Үштілдік» ұлттық жоба аясында білім алып дамуға бейімдеу жұмыстары жанжандырылсын.(Сарсенова А.П.-оқу-әдістемелік орынбасары)</p> <p>5. 4,9,11 кластардағы білім сапасымен жұмыс барысында пән мұғалімдерінің жеке қосымша жұмыстар жүргізуі, білім алушылардың ББЖМ-ге дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.(Ж.К.Жаржанова- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары)</p> <p>6. Жекелеген пәндері бойынша білім сапасы 65 тен төмен қажетті деңгейден төмен деп аталып, сапа деңгейін көтеру жұмыстары жоспарланып, мектепшілік бақылауға алынсын. (Ж.К.Жаржанова-оқу-ісі орынбасарлары)</p>
<p>ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕСТЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР</p>		
<p>қыркүйек</p>	<p>1.Мектеп асханасынан білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру. Г.О.Мукашева – гимназия директоры.</p> <p>2.Мектептегі жекеленген санаттағы балалар құрамын анықтау комиссия есебін тыңдау. Г.Т. Максимова – әлеуметтік педагог</p> <p>3. 9,11 сынып бітірушілерінің еңбекке орналасуының талдауы туралы есеп. Ж.К.Жаржанова- оқу-тәрбие орынбасары</p> <p>4. Ұлттық білім беру мәліметтер базасын (ҰББДҚ) толтыру жұмыстарының есебін тыңдау. Г.Ж.Бажақанова – гимназия менеджері.</p> <p>5.2-11 сыныптардан алынған кіріспе бақылау қорытындысын талдау Ж.К.Жаржанова- оқу-тәрбие орынбасары</p>	<p>1.Жекеленген санаттағы білім алушылардың дұрыс, мезгілінде тамақтануын ұйымдастырып, есепке алып отыруға жауапты болып мектептің әлеуметтік педагогы Г.Т.Максимова бекітілсін.</p> <p>2.Асханада ыстық тамақты ұйымдастыруда тамақтандырудың сапасына мониторинг тұрақты түрде жүргізілсін.</p> <p>3.Мектеп асханасындағы санитарлық-эпидемияға қарсы қойылатын талаптар және дезинфекциялық режимдерінің талаптарының сақталуы қатаң түрде бақылауға алынсын. (А.Хасенова, Г.А.Жумамуратова)</p> <p>4.2021-2022 оқу жылына мектептегі жекелеген санаттағы білім алушылар тізімі қосымша-1 тізім бойынша бекітілсін.</p> <p>5.Аз қамтылған балалар отбасымен жүйелі жұмыстар жүргізу, балалардың отбасына қолдау көрсету үнемі бақылауда болсын. (Б.И.Жасағанбергенова-тәрбие орынбасары)</p>

		<p>6.9,11 сынып бітірушілерінің жұмыспен қамтылуы бақылауға алынсын. (Ж.К.Жаржановаға)</p> <p>7.Ұлттық білім беру деректер қорын (ҰБДҚ) жүйелі және сапалы толтыру жұмыстары үздіксіз бақылауға алынып, талапқа сәйкес жүргізілсін. (Г.Бажакановаға)</p> <p>8. Кіріспе бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары жоспарланып, тұрақты жүргізілуі қатаң бақылауға алынсын. (Ж.К.Жаржановаға)</p>
қазан	<p>1.Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы. Директордың оқу-тәрбие орынбасары Ж.К.Жаржанова</p> <p>2.Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әлеуметтік педагог Максимова Г. Психолог Кушербаева А</p> <p>3. Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары, дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту жұмыстарын ұйымдастыру. Педагог ұйымдастырушысы А.Дошанова.</p> <p>4. Сынып журналдарының толтырылуы, «Күнделік kz.» электрондық күнделіктің толтырылу жағдайы Директордың оқу-тәрбие орынбасары Ж.Қ.Ильясова</p>	<p>1.Пәннің оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтар, оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар, оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі түріндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары нақты жоспарланып, мектепшілік бақылау жұмысы арқылы бақылауға алынсын. (Ж.Қ.Ильясова, Ж.К.Жаржанова)</p> <p>2.Жекелеген пәндердің (жаратылыстану бағытындағы пәндер) білім сапасын көтеру бойынша пән мұғалімдерінің жеке оқушымен жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуы, ата-ана, білім алушылар, пән мұғалімдерінің ынтымақтастықта жұмыс жасауы қатаң бақылауға алынсын. (сынып жетекшілері, оқу-тәрбие орынбасарлары)</p> <p>3.Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың отбасына тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үнемі бақылауда болсын. (Б.И.Жасағанбергенова-тәрбие орынбасары)</p> <p>4.Инклюзивтік оқытылатын балалар мен денсаулығы бойынша үйден оқытылатын оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, балалардың мүмкіндігімен жарыстарға, пәндік олимпиадаларға қатыстыру әлеуметтік педагог Г.Т. Максимоваға міндеттелсін.</p> <p>5.Дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту бағытындағы секциялар жұмыстарын санитарлық талаптарды орындай отырып, жүйелі жүргізілуі бақылауға алынсын.(Жасағанбергенова Б.И.- тәрбие жұмысы орынбасары)</p> <p>6.Салауатты өмір салтын насихаттайтын ұлттық үйірмеге қатысушылардың қызығушылықтарын ояту мақсатында гимназия білім алушылары арасында мектепшілік түрлі іс-шараларға қатыстыру қамтамасыз етілсін. (А.Дошанова-педагог ұйымдастырушы)</p> <p>7.Ата-аналардың электронды журналды пайдалану белсенділігін арттыруға әдістемелік көмек ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.(Ж.К.Жаржанова- оқу-тәрбие орынбасары)</p> <p>8.Пән мұғалімдерінің электрондық сынып журналдарының толтыруы талапқа сәйкес болуы ескертіліп, қатаң қадағалансын. (Пән мұғалімдері, әкімшілік)</p>
желтоқсан	<p>1.Мектептегі қатаң есептегі нормативтік құжаттар мен педагогтар жүргізуге міндетті құжаттардың (№130.06.04.2020ж) жүргізілуі туралы</p>	<p>Мектептегі қатаң есептегі нормативтік құжаттар мен педагогтар жүргізуге міндетті құжаттардың жүргізілуі бақылауға алынсын.</p>

	<p>А.А. Алиева-</p> <p>2. Білім алушыларды кәсіптік бағдар беру жұмысына бағыттау іс – шараларын ұйымдастыру</p> <p>Жасағанбергенова Б.И.- тәрбие жұмысы орынбасары</p> <p>3. Мектепте білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылығын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру</p> <p>Дошанова-педагог ұйымдастырушы.</p> <p>4. Жекеленген санаттағы балалармен жүргізілген жұмыстар есебі.</p> <p>Г.Т.Максимова- әлеуметтік педагог</p>	<p>Білім алушыларды мамандықты саналы түрде таңдауға бағыттау, кәсіптік бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік беру бағытындағы тәрбиелік шараларды жүйелі ұйымдастыру жұмыстары жандандырылсын.(Жасағанбергенова Б.И.)</p> <p>Мектепте білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы үйірмелер жұмысын жүргізу бақылауға алынсын.(А.Дошанова)</p> <p>Жекеленген санаттағы балалармен жүргізілген жұмыстар үшін, аз қамтылған білім алушыларға қолдау көрсеткен демеушілерге алғыс жариялансын.</p> <p>Аз қамтылған, көпбалалы отбасы және жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылардың тұрмыстық жағдайлары жүйелі бақылансын.</p>
қаңтар	<p>1.Пәндік олимпиадалардың ұйымдастырылуы, нәтижесіне талдау</p> <p>Ә.Құрманяз- директор орынбасары</p> <p>2. . Педагог қызметкерлердің біліктілігін көтеру жұмыстарының ұйымдастырылуы.</p> <p>Сарсенова А.П.-оқу-әдістемелік орынбасары</p> <p>2. Жас мамандар, олардың тәлімгерлері жұмысының ұйымдастырылуы.</p> <p>3. Сарсенова А.П.-оқу-әдістемелік орынбасары</p> <p>4. 4,9,11 сыныптардағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) жүргізуге дайындық жұмыстарын ұйымдастыруды талдау.</p> <p>Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары</p>	<p>1.Облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадаларға ғылыми жарыстарға оқушыларды сапалы дайындау;</p> <p>2.Олимпиада резервтерімен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың жұмысын облыстық, республикалық, халықаралық деңгейге жеткізілсін.</p> <p>3. Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтуі қамтамасыз етілсін.</p> <p>4.Біліктілік санатын алатын педагогтердің жұмыстарының уақытылы жүргізіліп отыруы қадағалауға алынсын (Сарсенова А.П.-оқу-әдістемелік орынбасары)</p> <p>5. Жас мамандармен жүргізілетін жұмысты сапалы ұйымдастыру жоспарға сәйкес жүргізілсін.</p> <p>6. Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары қамтамасыз етілсін. (Сарсенова А.П.-оқу-әдістемелік орынбасары)</p> <p>7. 4,9,11 мыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдері бір пәннен «3» шыққан оқушыларды олқылықпен жұмыс жасау кестесі бойынша қосымша сабаққа қатыстырып, оқушылардың игере алмаған тақырыптары бойынша жұмыстар жүргізуі бақылауға алынсын.(Жаржанова Ж.К.-).</p> <p>8. Пән мұғалімдері 9а,9ә кластарындағы білім сапасын көтеру мақсатында қосымша сабақтарға уақытылы қатысуын ата-анасымен байланыса отырып қадағалау, пәндер бойынша олқылықпен жұмыстарды жалғастыру,оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу жалғастырылсын.</p> <p>9. Пән мұғалімдері оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін, білім мен дағдыларды, аналитикалық, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізісін.</p>
ақпан	<p>1 . Мектеп асханасындағы ыстық тамақтың ұйымдастырылу жағдайы.</p> <p>Максимова Г.Т.-әлеуметтік педагог</p> <p>2. Сынып жетекшілер жұмысының ұйымдастырылуы есебін тыңд</p> <p>Жасағанбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары</p> <p>3.2-11 сыныптар бойынша білім алушылардың білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша педагогтар есебін тыңдау</p>	<p>1.Мектеп асханасындағы ыстық тамақтың ұйымдастырылуын бақылау мониторингтік топ арқылы жүргізілуі қамтамасыз етілсін. (Максимова Г.Т.-әлеуметтік педагог)</p> <p>2.Сынып жетекшілердің жұмысы бақылауға алынып, ата- аналармен жұмыстар жандандырылсын. (Жасағанбергенова Б.И.- тәрбие орынбасары)</p>

	<p>Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары</p> <p>4. Сынып журналдарының толтырылуы, «Күнделік kz.» электрондық күнделіктің толтырылу жағдайы</p> <p>Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары</p>	<p>3.Әр тоқсанның соңында пәндік кафедраларда білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау жасалсын.</p> <p>4.Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысы жүйелі түрде және оқу жылы бойы жүргізілуі бақылауға алынсын.(Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары)</p> <p>5.«Күнделік kz.» электрондық күнделіктің толтырылуында ата-аналар мен білім алушылардың күнделікке күнделікті кіруі қамтамасыз етілсін.</p>
наурыз	<p>1.7-9 кл берілген элективтік (таңдау) курстардың оқытылу жағдайын талдау.</p> <p>Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары</p> <p>2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы «Отбасы-мектеп» жобасы бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</p> <p>Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары</p> <p>3. ҚР Мемлекеттік Рәміздерді қолдану және насихаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру</p> <p>Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары</p>	<p>1. 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында алынған элективтік (таңдау) курстардың жүргізілуі бақылауға алынсын.</p> <p>2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы «Отбасы-мектеп» жобасы бойынша отбасылық құндылықтарды қалыптастыру жөнінде іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастырылсын. (Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары)</p> <p>3. ҚР Мемлекеттік Рәміздерді қолдану және насихаттау жөніндегі жұмыстарды әрі қарай жандандыру бақылауға алынсын.</p> <p>(Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары)</p>
сәуір	<p>1. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда «Мектептің өзін-өзі басқаруы», «Дебат» қозғалысы, «Оқуға құштар мектеп», «Құқықтық сана – қауымға пана» жобалары бойынша жүргізілген жұмыстар туралы. Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары</p> <p>2. Білім алушыларды ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға тәрбиелеу жұмыстары.</p> <p>Мукашева Г.О.-гимназия директоры</p> <p>3. 9,11-сыныптар оқушыларын қорытынды мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру жағдайы. Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары</p> <p>4. Бірінші сыныпқа білім алушыларды қабылдау («Е Ақтобе», «mektap.akt.kz» электрондық форматта) туралы</p> <p>Жаржанова Ж.К.-оқу-тәрбие орынбасары</p>	<p>1. Тәрбие жобаларын жүзеге асыруда рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыратын іс-шараларды ұйымдастыру жалғастырылсын. (Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары)</p> <p>2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы «Мектептің өзін-өзі басқаруы» жобасы бойынша көшбасшылықты дамыту және қалыптастыру жұмыстары жандандырылсын. (Жасаганбергенова Б.И.-тәрбие орынбасары)</p> <p>3. Мектептегі білім алушылар арасында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, интернет-кеңістіктегі мінез-құлық мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті туралы психологиялық жұмыстар ұйымдастыру қамтамасыз етілсін. (А.Кушербаева-психолог)</p> <p>4. 9,11 сынып бітірушілердің қорытынды аттестаттауға ұйымдастырған түрде өткізілуін қамтамасыз ету оқу – ісі орынбасары Ж.К.Жаржановаға міндеттелсін.</p> <p>5. «Алтын белгі» үміткерлерінің математика пәнін тапсыруындағы өзгерістерді білім алушылар мен ата-аналары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.</p>

1.Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуы туралы

2021-2022 оқу жылында мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес оқу жылына екі рет (қаңтар,сәуір) пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілді. Бақылау мақсаты: 2021-2022 оқу жылында білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын мұғалімнің күнтізбелік – тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары арқылы тексеріп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының сәйкес болуын тексеру. Бақылау барысында тексерілген құжаттар мұғалімнің күнтізбелік-

тақырыптық жоспары, күнделікті сабақ жоспары және электрондық сынып журналдары. Барлық сыныптарда күнтізбелік жоспардағы сағат саны журналмен сәйкес келеді.

2021-2022 оқу жылы тоқсанның әр айы бойынша оқу бағдарламасының орындалуы бойынша электронды сынып журналдарын «Kundelik.kz» арқылы журналдарды толтыру кезінде қай жерде қате жіберілгенін тауып, пән мұғалімдеріне ескертіп, түзету жұмыстары жүргізіліп отырды.

Қорытынды:

Барлық сыныптарда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуы талапқа сәйкес.

2. Оқушы дәптерлерінің жүргізілу сапасын талдау

2021-2022 оқу жылында мектепшілік бақылау жоспарына сай 1-4 сыныптар білім алушыларының жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі бақылауға алынды.

Мектепшілік бақылау жоспарындағы оқушы дәптерлерінің жүргізілуін бақылаудағы негізгі мақсат оқушылардың денсаулығын сақтау, үйдегі оқу жүктемесі көлемінің ұлғаюына және қарқындылығына байланысты шамадан тыс күш түсуін болдырмау.

1-4 сынып білім алушылардың жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі мектепшілік бақылау жоспарына сай кесте бойынша бақылау жүргізілді. Оқушылардың математика және гуманитарлық пәндер бойынша (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын) дәптерлері тексеріліп, жіберген қателіктер бойынша түзету жұмыстары жүргізіліп отырды.

Оқу жылында мектепшілік бақылау барысында мектеп оқушыларының жазу каллиграфиясы мен орфографиялық режимінің сақталуын, жазба жұмыстардың зерттеуі кезінде төмендегідей жұмыстардың орындалуы тексерілді.

- Жұмыс дәптерлерінің талапқа сай болуы, тексерілуі;
- Оқушы дәптерлерін орфографиялық ережеге сай жүргізілуі;
- Оқушылардың жазу каллиграфиясының талапқа сәйкес болуы;
- Жазба жұмысының талапқа сай орындалуы;

Гимназияның білім алушыларының жұмыс дәптерлерінде үйге берілген тапсырмаларды орындауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «24» сәуір № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынып жүргізілуі бақыланды. Бақылау барысында аталған кемшіліктер мұғалімдерге ескертіліп, түзету жұмыстары жүргізіліп отырды. Бақылау қорытындысы оқу-ісі орынбасары жанындағы кеңес отырысында талқыланып отырды.

Анықталған кемшіліктер бойынша жүргізілген түзету жұмыстары:

- Зерделеу барысында жазуы каллиграфиясы нашар, қате көп жіберетін оқушылар мен жұмыс ұйымдастыру;
- Каллиграфиялық, орфографиялық режимдердің нормалары сақталмау бойынша түзету жұмыстары;

2021-2022 оқу жылындағы ОТІ жылдық талдау

2021-2022 оқу жылын 713 білім алушы аяқтады. Барлығы 5-9 кластарда 340, 10-11 кластарда 72 білім алушы аяқтады.

Барлығы 5-11 кластарда 412 оқушы. Оқу озаты – **112**, оқу екпіндісі – **187**. 5-11-кластар аралығында жалпы білім сапасы – **73,5%**.

Жалпы гимназия бойынша озат оқушылар – **210**, екпінділер – **266**, **149** оқушы орташа оқиды, үлгермейтін оқушылар жоқ, 1 сыныпта 88 оқушы оқиды.

Гимназия бойынша жылдық білім сапасы- 76%, үлгерімі 100%.

Гимназия бойынша 210 оқушы Мақтау қағазымен марапатталды.

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы (мектепалды даярлық сыныптарын қоспағанда)

Оқу жылы	2019/2020 оқу жылы	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы
Оқушылар контингенті	664	690	713

Жыл сайын оқушы саны артты.

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу сатылары	2019/2020 оқу жылы			2020/2021 оқу жылы			2021/2022 оқу жылы		
	саны		орташа толымдылығы	саны		орташа толымдылығы	саны		орташа толымдылығы
	оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып	
Мектепалды даярлық	50	2	25	51	2	25-26	82	4	21-22
Бастауыш мектеп	309	13	23-25	285	12	23-25	301	13	23-25
Негізгі мектеп	298	13	23-26	336	15	23-26	340	14	24-26
Орта мектеп	57	2	28-29	69	3	23-25	72	4	18-20
Мектеп бойынша барлығы	664	28	23-29	690	30	23-26	713	31	18-26

Оқу-тәрбие процесін талдау

Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Гимназияның мектепалды даярлық сыныптарының оқу жұмыс жоспары мына құжаттардың негізінде әзірленді

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (28.08.2020 ж. № 372 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ 2012.20.12 № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (12.05.2020 ж. № 195 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ м. а. 2016.12.08 № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары (24.09.2020 ж. № 412 өзгертулер мен толықтырулармен).

Гимназияның 1–4 сыныптарының оқу жұмыс жоспары мына құжаттардың негізінде әзірленді

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (28.08.2020 ж. № 372 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ 2012.08.11 № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (26.03.2021 ж. № 125, 20.08.2021 ж. № 415 өзгертулер мен толықтырулармен) (ҚР БҒМ 2018.04.09 № 441 бұйрығына сәйкес 2018 жылдан бері қолданыстағы)

ҚР БҒМ 2013.03.04 № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары (27.11.2020 ж. № 496 өзгертулер мен толықтырулармен).

Гимназияның 5–9 сыныптарының оқу жұмыс жоспары мына құжаттардың негізінде әзірленді

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (28.08.2020 ж. № 372 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ 2012.08.11 № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (26.03.2021 ж. № 125, 20.08.2021 ж. № 415 өзгертулер мен толықтырулармен) (ҚР БҒМ 2018.04.09 № 441 бұйрығына сәйкес 2018 жылдан бері қолданыстағы)

ҚР БҒМ 2013.03.04 № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары (27.11.2020 ж. № 496 өзгертулер мен толықтырулармен).

Гимназияның 10–11 сыныптарының оқу жұмыс жоспары мына құжаттардың негізінде әзірленді

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (28.08.2020 ж. № 372 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ 2012.08.11 № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (26.03.2021 ж. № 125, 20.08.2021 ж. № 415 өзгертулер мен толықтырулармен) (ҚР БҒМ 2018.04.09 № 441 бұйрығына сәйкес 2018 жылдан бері қолданыстағы)

ҚР БҒМ 2013.03.04 № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары (27.11.2020 ж. № 496 өзгертулер мен толықтырулармен).

Ескертпе

ҚР БҒМ 2013.17.09 № 375 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларының 58-т. сәйкес гимназия (1–11 сыныптар) мен лицейлерге (5–11 сыныптар) білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада (4 сағат) қаражат бөлінеді.

Оқу жұмыс жоспарын дайындау кезінде «Орта білім беру ұйымдарында 2021/2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021.27.07 № 368 бұйрығы іске асырылды.

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес:

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеруқамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1–4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1–3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады; «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5–8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5–9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі;

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы таңдалды (аптасына 1 сағат):

6-сыныпта «Экология»;

9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»;

10–11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері».

2021 жылғы 1 қыргүйектен бастап «Әліппе» пәні енгізіледі.

«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

Екі кезеңге бөлінеді (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат).

1-ші сыныпта II жартыжылдықта оқу «Ана тілі» үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағатты, барлығы 102 сағатты құрайды.

2021/2022 оқу жылы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі, 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020.27.11 № 496 бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады (03.04.2013 ж. № 115 (188-2к қосымша) және 26.07.2019 ж. № 334 (4-қосымша) бұйрықтарға өзгертулер енгізілді.

Үлгілік оқу бағдарламаларына (ҚР БҒМ 2020.21.04 № 154 бұйрығы) сәйкес «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘДжТД) пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

10-сыныпта – 34 сағат (аптасына 1 сағат), сондай-ақ оқу жиынын өткізу үшін 30 сағат;

11-сыныпта – 34 сағат (аптасына 1 сағат).

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2021.05.08 № ҚР ДСМ-76 бұйрығы бекітілді (ҚР ӘМ 2021.06.08 № 23890 болып тіркелді).

Гимназияның 2 және 3 сыныптарды үйден оқытудың оқу жұмыс бағдарламасы мына құжаттардың негізінде әзірленді

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (28.08.2020 ж. № 372 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ 2012.08.11 № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (26.03.2021 ж. № 125, 20.08.2021 ж. № 415 өзгертулер мен толықтырулармен) (ҚР БҒМ 2018.04.09 № 441 бұйрығына сәйкес 2018 жылдан бері қолданыстағы)

-ҚР БҒМ 2013.03.04 № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары (27.11.2020 ж. № 496 өзгертулер мен толықтырулармен).

Гимназия 5 сыныптарды үйден оқытудың оқу жұмыс бағдарламасы мына құжаттардың негізінде әзірленді:

ҚР БҒМ 2018.31.10 № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (28.08.2020 ж. № 372 өзгертулер мен толықтырулармен);

ҚР БҒМ 2012.08.11 № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (26.03.2021 ж. № 125, 20.08.2021 ж. № 415 өзгертулер мен толықтырулармен) (ҚР БҒМ 2018.04.09 № 441 бұйрығына сәйкес 2018 жылдан бері қолданыстағы)

ҚР БҒМ 2013.03.04 № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары (27.11.2020 ж. № 496 өзгертулер мен толықтырулармен). «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019.26.07 № 334 бұйрығы.

Оқу жұмыс жоспарын дайындау кезінде «Орта білім беру ұйымдарында 2021/2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021.27.07 № 368 бұйрығы іске асырылды.

Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру

Оқу жылының басында оқытушылардың тарификациясы жүргізілді, мектеп курсы бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында оқушылардың жеке істері талданды, сабақтардың, факультативтік және үйірме сабақтарының кестесі жасалды.

Осы бағыттағы жұмыстың тиімді нысандарының бірі – мұғалімдермен әдістемелік кеңестер және педагогикалық кеңестер өткізу.

Жалпы білім беру жұмысын ұйымдастыру ұйымдасқан түрде және бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Сабақтардың тұрақты кестесі СанЕН-нің қажетті талаптарын сақтай отырып, уақтылы жасалды. Әдістемелік кеңес отырыстарында білім беру процесінің

сапалық көрсеткіштеріне байланысты қажетті және маңызды мәселелер қарастырылды. Барлық мұғалім курстық қайта даярлаудан уақтылы өтті.

БДМ тексеру нәтижесі бойынша ОТП талдау

Оқушылардың БДМ тексеру нәтижелері бойынша оқу-тәрбие процесін талдау мынадай нысанда жүргізілді: әкімшілік бақылау жұмыстары; мектеп оқушыларының мемлекеттік стандарттарды меңгеру сапасын анықтау мақсатында барлық пәндер бойынша білім срездері.

Жұмыстың негізгі статистикалық көрсеткіштерінің бірі – әкімшілік бақылау нәтижелері.

2–11-сынып оқушыларының білім деңгейін әкімшілік бақылау үшін тесттер таңдалды.

2021-2022 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындылары мен білім сапасы

№	Сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпінділер	Бір «4» бар	Үлгерушілер	Бір «3» бар	Үлгермеушілер	Сапа %	Оқу үлгерімінің %
1	2 «А»	24	15	8	0	1	1	-	96	100
2	2 «Ә»	25	10	9	0	6	1	-	76	100
3	2 «Б»	23	9	10	1	4	0	-	82	100
4	3 «А»	28	10	11	0	7	0	-	78	100
5	3 «Ә»	27	9	14	0	4	0	-	85	100
6	4 «А»	24	16	6	0	2	0	-	92	100
7	4 «Ә»	22	5	13	0	4	0	-	82	100
8	4 «Б»	20	13	3	0	4	0	-	80	100
9	4 «В»	20	11	5	0	4	0	-	80	100
2-4 кл.		213	98	79	1	36	2	-	83,1	100
10	5 «А»	23	11	9	0	3	1	-	86,4	100
11	5 «Ә»	23	10	9	0	4	1	-	82,6	100
12	5 «Б»	17	8	6	0	3	0	-	82,3	100
13	6 «А»	28	10	13	2	5	1	-	82,1	100
14	6 «Ә»	27	10	9	1	8	4	-	70,3	100
15	6 «Б»	28	8	15	1	5	0	-	82,1	100
16	7 «А»	25	3	12	0	10	0	-	60	100
17	7 «Ә»	26	2	15	2	9	2	-	65,4	100
18	7 «Б»	27	4	13	0	10	2	-	63	100
19	8 «А»	20	5	7	0	8	1	-	60	100
20	8 «Ә»	19	5	8	1	6	0	-	68,4	100
21	8 «Б»	20	3	9	0	8	1	-	60	100
22	9 «А»	28	4	16	0	8	1	-	71,4	100
23	9 «Ә»	29	8	13	0	8	2	-	72,4	100
5-9 кл.		350	91	154	7	95	16	-	72	100
24	10 «А»	18	2	10	0	6	0	-	66,7	100
25	10 «Ә»	19	8	5	0	6	1	-	68,4	100
26	11 «А»	17	5	10	0	2	0	-	88	100
27	11 «Ә»	18	6	8	0	4	0	-	77,8	100
10-11 кл.		72	21	33	0	18	1	-	75	100
Мектеп бойынша жиыны		625	210	266	8	149	19	-	76,2	100

Жиыны:

оқу үздіктері – 210 оқушы;

екпінділер – 266 оқушы;

үлгерушілер – 149 оқушы;

үлгермеушілер – 0 оқушы;

сапа – 76,2 %;

оқу үлгерімі – 100 %.

Тұжырымдар: оқу жылының қорытындысы бойынша 713 білім алушы, ал 2-11 сыныптар бойынша 625 білім алушы аяқтап отыр. Оның: 210 білім алушысы үздік оқитындар, 266 білім алушысы екпінділер, 149 білім алушы үлгерушілер болып отыр. 1-ші сыныпты 88

білім алушы аяқтады. Бірінші сыныптар бағаланбайды. Сыныптардың білім сапасы бойынша 70 пайыздан төмен көрсеткен сыныптар бар. Олар: 7-8 және 10- сыныптар. Бір пәннен «4»-ке шыққан 8 оқушы, бір пәннен «3»-ке шыққан 19 оқушы болып, білім сапасына әсер етіп отыр. Жалпы білім сапасы 76,2 пайызды көрсетіп отыр. Былытырғы жылмен салыстырғанда – 5,2 пайызға төмендеген.

Ұсынымдар: білім сапасы 70 пайыздан төмен 7-8,10 сыныптардағы себепін анықтау, мектепшілік бақылауға қою, сол сыныптардағығы пәндердің берілу жағдайын қарау. Бір пәннен «3»-ке шыққан оқушылардың ата-аналарымен хабарласа отырып, қосымша жұмыстану.

2021/2022 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың білімі, машықтары мен дағдылары сапасының жай-күйі

№	Сынып тар	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Оқу үлгерімі %
1	2-ші	72	34	27	-	85	100
2	3-ші	55	18	26	-	82	100
3	4-ші	86	45	27	-	84	100
Жиыны 2–4		213	97	80	-	83	100
4	5-ші	63	29	24	-	84	100
5	6-шы	83	28	37	-	78,3	100
6	7-ші	78	9	40	-	62,8	100
7	8-ші	59	13	24	-	62,7	100
8	9-шы	57	12	29	-	71,9	100
Жиыны 5–9		340	91	154	-	72	100
9	10-шы	37	10	15	-	67,5	100
10	11-ші	35	11	18	-	82,8	100
Жиыны 10–11		72	21	33	-	75	100
мектеп бойынша барлығы		625	210	266	-	76,2	100

3 жылдағы оқу сатылары бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Оқу сатылары	2019/2020 оқу жылы		2020/2021 оқу жылы		2021/2022 оқу жылы		Динамикасы	
	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %
1–4 сыныптар	309	91,5	285	85,5	302	83,1	+17	-2,4
5–9 сыныптар	298	72,1	336	78,6	340	72	+4	-6,6
10–11 сыныптар	57	84,2	69	81,2	72	75	+3	-6,2

Тұжырымдар: 3 жыл бойынша бастауыш білім беру деңгейі бойынша оқушы санының жыл сайын төмендегенін байқауға болады, оқушы саны азайғанмен білім сапасы жыл сайын төмендеген. Ал, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша жыл сайын оқушы саны көбейгендігі, білім сапасының төмендегендігі байқалып отыр.

Ұсынымдар: білім беру деңгейлері бойынша білім сапасының жоғарылауына бағытталған жоспарлар құра отырып жұмыстану. Соның ішінде осы оқу жылында бір пәннен «3»-ке шыққан 19 оқушымен келесі оқу жылында сол оқушылардың біліміндегі олқылықтарды нақты анықтап жұмыстану.

Оқу жылының қорытындылары бойынша сапаны талдау

	2019/2020 оқу жылы	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	Динамикасы
--	--------------------	--------------------	--------------------	------------

2–4 сыныптар				
Оқушы саны	248	214	213	-1
Үздіктер саны	141	109	98	-11
Екпінділер саны	86	73	79	+6
Сапа %	91,5	85	83,1	-1,9
5–9 сыныптар				
Оқушы саны	298	336	340	+4
Үздіктер саны	81	121	91	-30
Екпінділер саны	134	143	154	+11
Сапа %	72,1	78,6	72	-6,6
10–11 сыныптар				
Оқушы саны	57	69	72	+3
Үздіктер саны	15	22	21	-1
Екпінділер саны	33	34	33	-1
Сапа %	84,2	81,2	75	-6,2
2–11 сыныптар				
Оқушы саны	603	619	625	+6
Үздіктер саны	237	252	210	-42
Екпінділер саны	253	249	266	+17
Сапа %	81,2	81	76,2	-5,2

Тұжырымдар: кесте бойынша барлық білім беру деңгейлері бойынша да жыл сайынғы үздік білім алушылар санының азайғандығын, екпінділер санының көбейгендігін байқауға болады. Соның ішінде 5-9 кластар аралығында бір пәннен «3»-ке шыққан 16 оқушы, 10-11 кластарда 1 оқушы болып отыр.

Ұсынымдар: бір пәннен «3»-ке шыққан және үлгеруші оқушылармен қосымша жұмыстану. Пәндер бойынша сабақтардың берілу сапасына аса көңіл бөлу. Сабақта қолданатын әдістерді түрлендіру. Әр оқушының білім сапасын жеке мониторингілеу. Олқылық тұстарын анықтау

Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасы

Пән	Сыныптар									
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қазақ тілі	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	72	55	86	63	83	78	59	57	37	35
«5»	37	21	49	34	37	27	20	25	21	20
«4»	24	24	34	23	40	40	27	27	14	15
«3»	11	10	3	6	6	11	12	5	2	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	85	82	97	90	93	86	81	91	95	100
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Русский язык	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	72	55	86	63	83	78	59	57	37	35
«5»	47	34	52	36	48	39	25	27	18	21
«4»	20	15	25	22	27	31	23	24	14	14
«3»	5	6	9	5	8	8	11	6	5	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	93	89	90	92	90	90	81	89	86	100
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Қазақ әдебиет	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	72	55	86	63	83	78	59	57	37	35
«5»	37	23	59	35	39	29	20	23	21	19
«4»	29	22	25	24	37	38	29	29	14	16
«3»	6	10	2	4	7	11	10	5	2	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	92	82	98	94	92	86	83	91	95	100
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Математика	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	72	55	86	63	83	78	59	57	37	35
«5»	39	22	51	32	33	16	18	16	13	13
«4»	24	26	27	21	35	40	22	28	14	16
«3»	9	7	8	10	15	22	19	13	10	6
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	88	87	91	84	82	72	68	77	73	83

Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Ағылшын тілі	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	72	55	86	63	83	78	59	57	37	35
«5»	44	24	49	36	42	28	24	24	22	17
«4»	21	21	25	21	30	33	22	27	12	17
«3»	7	9	12	6	11	17	13	6	3	1
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	90	83	86	90	87	78	78	89	92	97
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
физика						7	8	9	10	11
Оқушы саны						78	59	57	37	21
«5»						13	15	13	13	10
«4»						46	36	31	16	8
«3»						19	8	13	8	3
«2»						0	0	0	0	0
сапа %						76	86	77	78	86
Оқу үлгерімінің %						100	100	100	100	100
география						7	8	9	10	11
Оқушы саны						78	59	57	37	29
«5»						35	30	34	29	21
«4»						37	23	21	7	7
«3»						6	6	2	1	1
«2»						0	0	0	0	0
сапа %						92	90	96	97	96
Оқу үлгерімінің %						100	100	100	100	100
химия						7	8	9	10	11
Оқушы саны						78	59	57	37	6
«5»						15	15	12	11	4
«4»						44	30	31	16	2
«3»						19	14	14	10	0
«2»						0	0	0	0	0
сапа %						76	76	75	73	100
Оқу үлгерімінің %						100	100	100	100	100
Биология						7	8	9	10	11
Оқушы саны						78	59	57	37	13
«5»						19	23	22	23	9
«4»						55	31	33	14	4
«3»						4	5	2	0	0
«2»						0	0	0	0	0
филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 2020 жылғы 19 ақпандағы №110 «Эксперимент алаңдарын ашу туралы» бұйрығы негізінде эксперимент алаңы ашылды. Эксперимент алаңының ғылыми жетекшісі п.ғ.к доцент Айгүл Қыдырбайқызы Каплиева бекітілді.

Эксперимент мақсаты: Зерттеу жұмысына қатысушы креативті педагогтардың жаңаруға деген ішкі ұмтылысын дамыту

Сипаттамасы: Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтағы өзгерістер мен әлеуметтік сұраныстарды қанағаттандыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруде, педагогтың өздігінен дамуы дәлелді шешімдер қабылдай білудегі дайындығы, зерттеудегі ізденісі, бәсекеге қабілеттіліктің күзреттілікті дамыту

Бірінші кезеңде эксперимент жұмыстарын гимназияда ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2019 жылғы 07 ақпандағы № 61 бұйрығының 2-тарауы. Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу тәртібі негіздемеге алынды. Экспериментатор мұғалімдерді дайындау жұмыстары жүргізілді. Экспериментатор ретінде педагог сарапшы статусына ие болған педагогикалық қызметкерлер №6 Хромтау гимназиясының 2020 жылғы 28 тамыздағы №31/7 бұйрығы негізінде тағайындалды.

2020-2021 оқу жылы қыркүйек айындағы ғылыми-әдістемелік кеңесте «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында креативті педагогтың ішкі ұмтылысын дамыту» тақырыбындағы эксперименттік жұмыстарын ұйымдастыру барысында экспериментаторлардың базасы қаралып талқыланды. Аталған кеңес мүшелері барлығы бір ауыздан гимназияның педагог сарапшылары экспериментке қатысып жүргізетінін қолдады. Педагогтардың білімі, тәжірибесі біліктілік санаттарының сәйкестілігі қаралып жұмыстар жүргізілді. Еңбек өтілдері орташа 8-15 жыл, барлығы біліктілік арттыру курстарынан өткізілген

Экспериментаторлар 2021-2022 ж

- Құрманяз Ә.БІ –биология пәні
- Конуспай А.М – биология пәні
- Адилгереева А.Н – информатика пәні
- Мопыкова Б. – көркем еңбек пәні
- Кушербаева А. –психолог
- Ильясова Ж.К –бастауыш сынып
- Раимбаева Д.Т –бастауыш сынып
- Дерманова Н. –қазақ тілі пәні

Эксперимент жұмысына қатысушы креативті педагогтар төмендегі бөлім бойынша топқа бөлініп, зерттеу жұмысы тақырыптары бекітілді.

Зерттеу 3 кезеңнен тұрады.

- 1) Зерттеушілік ізденістегі іс-әрекет
- 2) Зерттеуді ендірудегі іс-әрекеті
- 3) Жобалау және зерттеушілік іс-әрекет

«Креативті ойлау тұрғысынан іргелі ізденістер іс- тәжірибеден» тақырыбындағы облыстық workshop

27 сәуір күні «Білім беру мазмұныны жаңарту жағдайында креативті педагогтың ішкі ұмтылысын дамыту» облыстық тәжірибиелік- эксперименттік жұмыс аясында Хромтау ауданы, №6 Хромтау гимназиясында «Креативті ойлау тұрғысынан іргелі ізденістер іс- тәжірибеден» тақырыбында облыстық workshop өтті. Пікірталас шеберханасын «Өрлеу»- Ақтөбе кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент, ғылым жетекшісі А.К. Каплиева, мектеп директоры Г.О Мукашева алғы сөзбен ашып, педагогтердың креативті потенциалын жетілдіру әдістеріне тоқталды.

Пікірталас алаңында №6 Хромтау гимназиясының психологы, А.Б. Кушербаева «Эксперимент жағдайында креативті педагогтың ішкі ұмтылысын дамыту» студия, биология пәні мұғалімдері, экспериментаторлар А.М.Конуспай, Ә.Б.Құрманяз «Этнобиологиядағы рухани тұтастық ерекшеліктерін сақтау» коучинг, бастауыш сынып мұғалімі, экспериментатор Д.Т.Раимбаева «Инклюзивті білім беру- өмір қажеттілігі» кіріктірілген сабақ өткізіп, іс – тәжірибиелерімен бөлісті.

Шеберхана алаңында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, экспериментатор Н.Е.Дерманова «Томирис» сахналық қойылым, көркем еңбек пәні мұғалімі, экспериментатор Б.А. Мопыкова өткізген «Ұршық иірімдері» шебер сыныпта қатысушылар пікірлерін ортаға салды.

2021/2022 оқу жылы мұғалімдердің конкурстарға, олимпиадаларға, іс-шараларға қатысуына мониторинг жүргізу

№	Конкурс атауы	Педагогтің Т. А. Ә.	Конкурс/олимпиада деңгейі			
			аудан дық	облысты қ	республик алық	халықаралық
1	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған "Алтын тұғыр" республикалық олимпиадасы;	Қысырауова Шынар Андебекқызы		II орын	Сертификат	
	"Дарынды балаларға - талантты ұстаз" республикалық педагогикалық олимпиадасы;	Сарсенова А.П.		I орын	Сертификат	
	Үздік тарих пәні мұғалімі	Бакбергенова Г.Т.		II орын		
	Үздік әлеуметтік педагог	Максимова Г.Т.		III орын		
	"Үздік авторлық бағдарлама" республикалық конкурсы;	Спанова А.С.			II орын	
	«Бір сабақ. Бір мақсат. Нәтиже»	Максимова Г.Т. Кушербаева А.Б. Бакбергенова Г.Т.		III орын		

Тұжырымдар: Ақтөбе ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған педагогикалық олимпиадаға 54 пән мұғалімі қатысты.

1-орын: 14

2-орын: 17

3-орын: 15

Алғыс хат: 8

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Өздігінен даму, өзін-өзі жетілдіру, авторлық жүйелер құру».

2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстарды талдай отырып, мына төмендегі орын алған кемшіліктерді атап өтуге болады:

1. Оқушылардың ғылыми-ізденіс жұмыспен айналысуына жетекшілік жасау жұмысынн жандандыру қажет;
2. Мектеп мұғалімдерінің өзіндік кәсіби құзіреттіліктерін арттыруға тартылу дәрежесі орташа;
3. Ата-аналармен жұмыс жүргізу (білім сапасы бойынша) деңгейін дамыту;
4. БАҚ басылымдарына мұғалімдер еңбегін жариялау дәрежесіні көтеру;
5. Оқушылардың танымдық, шығармашылық құзіреттіліктерін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерінің аздығы;

6. Кафедра жұмыстарындағы есеп беру, талдау, сараптау жұмыстарының деңгейін арттыру керек;

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаты:

Білім беру ұйымында инновациялық әлеуетті дамыту, педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттырып тиімді механизмдерді құру. Оқу мен тәрбие процесінің әдістемелік қамтылуын қамтамасыз ету; Кафедралдық жүйе арқылы ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстармен қамтамасыз етілген инновациялық жобаларды енгізу арқылы білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

1. Ғылыми - тәжірибелік конференция - педагогикалық ұжымның эксперименттік – тәжірибе жұмысының нәтижесін, бірінғай әдістемелік проблемамен жұмыстың қорытындысын шығару формасы, сондықтан ол дәстүрлі оқу жылының соңында өткізіледі.
2. Әдістемелік шағын журнал – эксперименттік-тәжірибе жұмыс пен әдістемелік проблеманы меңгеру барысында педагогикалық ұжымда жинақталған жұмысты озық педагогикалық тәжірибе формасы түрінде ұсыну.
3. Әдістемелік көрме - эксперименттік-тәжірибе жұмысының барысында алынған педагогикалық ұжым (жаңашыл-ұстаздар) жетістігін көрнекті түрде ұсыну формасы. Ұсынылған оқу-әдістемелік кешен материалдарын гимназиядағы кафедралар сұрыптайды және ғылыми - әдістемелік кеңес оның сапалы дайындалғанын «Әдістемелік көрме және оның критериясы туралы» Ережеге сәйкес бекітеді.
4. Оқу үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Біліктілікті арттыру, педагог кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жұмысын жалғастыру;
5. Мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыру, кәсіби шеберлігін арттыру арқылы оқу үрдісінің сапасын көтеру. Барлық білім беру сатыларында нәтижелі білім беруге қол жеткізу;
6. Ұстаздардың теориялық, шығармашылық, ақпараттық, құзіреттілігі деңгейін көтеру. Жаңа педагогикалық инновациялық технологияны оқып үйренуді жалғастыру, «шеберлік сынып», семинар тренингтер т.б. ұйымдастыру.
7. Пән мұғалімдері тарапынан дарынды оқушылармен шығармашылық, ізденіс , ғылыми-зерттеушілік бағытындағы жұмыстар, яғни олимпиада, ғылыми жобаға дайындық үздіксіз жүргізу.
8. Оқу жылының басында әрбір кафедраның, әрбір пән мұғалімінің дарынды балалармен жұмыс жоспарын талапқа сай жасай отырып, белгіленген нәтижеге жету үшін, оқушының дайындық жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі кафедра меңгерушісі тарапынан қадағалау.
9. Оқушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасына кафедралар тарапынан бақылау жасап, ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында қарау;
10. Білім сапасын анықтау мақсатында диагностика және мониторингтік зерттеу жұмыстары жүргізіліп, гимназия оқушыларының білім сапасы мен үлгерім деңгейін шынайы бағалауға бағытталған іс-шаралар қабылдау;
11. Ұстаздардың авторлық, шығармашылық пен инновациялық бағытта жұмыс істеуіне жағдай туғызу. Мұғалімдердің өз инновациялық іс-әрекетіне өзіндік талдау жасай білуін үйрету.

Гимназияның ғылыми-әдістемелік кеңес құрамында 5 кафедра, озат тәжірибе мектебі, аналитикалық-психологиялық қызметі, аттестаттау комиссиясы, стратегиялық бағытта жасалатын жұмыстар кіреді. Ұйымдастырылған құрылым мұғалімдердің білімін, кәсіптік деңгейін, шеберлігін жетілдіру жолдарын жүзеге асырады.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың бағыттары: Мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін шыңдау, олардың педагогикалық ғылым мен пәндерді оқыту, инновациялық оқыту технологияларын меңгеру аумағында кәсіби құзырлықтарын шыңдау арқылы гимназияның білім сапасын жетілдіру.

Гимназия бойынша әдістемелік қызметіндегі құрылымды басты бөлім кафедралдық қызмет бөлімі болып табылады. Гимназияда 5 кафедра қызмет етті. Барлық 5 кафедралар жыл бойы өз жұмыстарын жалпы гимназия мәселесін шешуге бағыттады.

1.Мектеп алды даярлық және бастауыш білім беру кафедрасы, кафедра меңгерушісі Курманова Г.С. арнаулы орта білімді, педагог-сарапшы санатындағы мұғалім

2.Жаратылыстану және шет тілі кафедрасы, кафедра меңгерушісі Конуспай А.М жоғары білімді, педагог –сарапшы санатындағы мұғалім.

3.Математика, информатика және физика кафедрасы, кафедра меңгерушісі Кусаева М.М жоғары білімді, педагог-зерттеуші санатындағы мұғалім

4.Гуманитарлық пәндер кафедрасы, кафедра меңгерушісі Даутова Г.Ж жоғары білімді, педагог-шебер санатындағы мұғалім.

5.Дене шынықтыру және өнер кафедрасы, кафедра меңгерушісі Кунтаева Ф.А жоғары білімді, педагог-зерттеуші санатындағы мұғалім.

Кафедра жұмысының мақсаты: Пәндік білім мен біліктерді дамыту, пән мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіру

Күтілетін нәтижелер:

-Педагогтер жаңартылған білім мазмұны аясындағы білім бағдарламасын жүзеге асырады;

-Пәнді оқытуды жүзеге асырудың тиімді жолдары қарастырылады;

-Оқу үдерісінде кездесетін қиындықтар мен оны шешу жолдары талқыланады;

-Білім алушылардың шығармашылығын дамыту жұмыстарының формалары іздестіріледі;

-Құрмет пен сенімге негізделген кәсіби қарым-қатынас орнайды.

Гимназиямыздың ғылыми- әдістемелік жұмысы, гимназия дамуының стратегиялық бағыттарын, өткен оқу жылы жұмысын талдауы нәтижесінде анықталған басымдылықты бағыттарды, мәселелерді дамытуға бағдарланған, соның ішінде:

Білімдік стандарттарға, бейіндік, эксперименттік оқытуға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету.

Инновациялық технологияларды меңгертіп, дайындау және енгізуге қажетті жағдай жасауға қолдау көрсету, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігінің өсуіне, олардың қызметі барысындағы әлеуетінің ашылуына ықпал ету, мұғалімдердің жаңа білімдік технологияларды игеруі бойынша педагогикалық шеберліктерін жетілдіру.

Инновациялық білім беру технологияларын, соның ішінде денсаулық сақтау технологияларын игеру арқылы педагогикалық шеберлік тәсілдерін жетілдіру.

Педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы кафедра жұмыстарының белсенділігін арттыру, келесі машықтарға көңіл аудару: қашықтан оқыту жағдайында видеосабактар дайындау дағдылары, цифрлық ресурс технологияларын меңгеру және қолдану, өзін-өзі талдау, өз қызметін өзі бақылай білу, оқушылардың танымдық қызметін дамыту, пәндік құзырлылықтарын қалыптастырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды, олардың элементтерін белсенді қолдану.

Өздігінен білімін көтеру тақырыптары бойынша мұғалімдер жұмысының белсенділігін арттыру, мектеп мұғалімдерінің алдыңғы қатарлы тәжірибесін, жұмыс тәжірибесін талдап-қорыту, таратуға қолдау көрсету.

Білім процесінің табыстылығын, педагогтардың кәсіби құзырлылығы мен әдістемелік дайындығы деңгейін мониторингілеу және диагностикалау жүйесін жетілдіру.

Гимназияның ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігін қарастыру және талдау.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы

Ғылыми-әдістемелік жұмысты регламенттеу, жүйелеу және құқықтық жағынанан қамтамасыз ету мақсатында, гимназиямызда құқықтық-нормативтік база құрылды:

Ғылыми –әдістемелік кеңес туралы ереже, ҒӘК құрамын бекіту бұйрығы

Гимназияның әдістемелік инновациялық және тәжірибелік зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру туралы.

Кафедралар туралы ереже

Кафедра жұмысын ұйымдастыру және жетекшісін тағайындау туралы, кафедра меңгерушілерінің лауазымдық міндеттері

Тәжірибелік- эксперименттік жұмыс және инновациялық қызмет туралы

Озат тәжірибе мектебін құру туралы

Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру туралы

Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы

Сараптамалық кеңес құру туралы

Әдістемелік жұмыстарды іске асыру мақсатында іс-шаралар жүзеге асырылып, нәтижелері төмендегідей болды:

Жұмыс нысандары:

педагогикалық кеңес;

әдістемелік кеңес;

мектеп жобаларын іске асыру бойынша мұғалімдердің шығармашылық топтары;

дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру;

оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру;

біліктілік тестілеуге дайындықты ұйымдастыру және бақылау;

электрондық портфолионы толтыру бойынша консультациялар; толтыруды бақылау;

ашық сабақтар;

химия, физика, информатика, биология пәндерін ағылшын тілінде оқыту;

ӘБ пәндік апталықтары;

жас мамандармен жұмыстар

Қорытынды: 2021-2022 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыс қанағаттанарлық деп танылсын.

2022-2023 оқу жылына ұсыныс:

1. Педагогикалық ұжымда шығармашылық ізденіс пен құштарлық атмосферасын құрастыру.
2. Педагогтің өз әлеуетін ашуына қолдау көрсету және толық шамада іске асыруына жағдай жасау.
3. Білім беру біліктілігіне ену әдісі ретінде педагогтарды ақпараттық сүйемелдеумен қамтамасыз ету.
4. Мұғалімдердің ішкі әлеуетін, жеке тұлғалық ресурстарын дамыту, диагностикалық жұмыстарын психологпен бірлесе отырып, ғылыми негізде жүргізу.

Эксперимент жұмыстары аясындағы ғылыми-зерттеушілік жұмыстары.

Негіздеме:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама.

"Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы . Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 61 бұйрығы. /№132 бұйрық 07.04.2020 жаңа редакция/ «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 2020 жылғы 19 ақпандағы №110 «Эксперимент алаңдарын ашу туралы» бұйрығы негізінде №6 Хромтау гимназиясында 2020-2023 жылдарға «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында креативті педагогтың ішкі ұмтылысын дамыту» тақырыбында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. "Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы . Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 61 бұйрығы. /№132 бұйрық 07.04.2020 жаңа редакция/. «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 2020 жылғы 19 ақпандағы №110 «Эксперимент алаңдарын ашу туралы» бұйрығы негізінде эксперимент алаңы ашылды. Эксперимент алаңының ғылыми жетекшісі п.ғ.к доцент Айгүл Қыдырбайқызы Каплиева бекітілді.

Эксперимент мақсаты: Зерттеу жұмысына қатысушы креативті педагогтардың жаңаруға деген ішкі ұмтылысын дамыту

Сипаттамасы: Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтағы өзгерістер мен әлеуметтік сұраныстарды қанағаттандыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруде, педагогтың

өздігінен дамуы дәлелді шешімдер қабылдай білудегі дайындығы, зерттеудегі ізденісі, бәсекеге қабілеттіліктегі құзреттілікті дамыту

Бірінші кезеңде эксперимент жұмыстарын гимназияда ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2019 жылғы 07 ақпандағы № 61 бұйрығының 2-тарауы. Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу тәртібі негіздемеге алынды. Экспериментатор мұғалімдерді дайындау жұмыстары жүргізілді. Экспериментатор ретінде педагог сарапшы статусына ие болған педагогикалық қызметкерлер №6 Хромтау гимназиясының 2020 жылғы 28 тамыздағы №31/7 бұйрығы негізінде тағайындалды.

2020-2021 оқу жылы қыркүйек айындағы ғылыми-әдістемелік кеңесте «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында креативті педагогтың ішкі ұмтылысын дамыту» тақырыбындағы эксперименттік жұмыстарын ұйымдастыру барысында экспериментаторлардың базасы қаралып талқыланды. Аталған кеңес мүшелері барлығы бір ауыздан гимназияның педагог сарапшылары экспериментке қатысып жүргізетінін қолдады. Педагогтардың білімі, тәжірибесі біліктілік санаттарының сәйкестілігі қаралып жұмыстар жүргізілді. Еңбек өтілдері орташа 12-13 жыл, барлығы біліктілік арттыру курстарынан өткізілген.

Экспериментаторлар туралы мәлімет.

1	Мұғалімнің аты- жөні, тегі	Лауазымы, жүргізетін пәні	Біліктілік санаты	Еңбек өтілі
1	Дерманова Нурша Есенгельдиевна	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі	Педагог сарапшы. 2020 жыл 28.08. №27/2 бұйрық. АББ	11
2	Ильясова Жадра Касенгалиевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог сарапшы. 2019 жыл 29.07. №255 бұйрық. АББ	14
3	Шобдарбаева Нургул Қаниқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог сарапшы. 2019 жыл 27.12. № 603 бұйрық. АББ	14
4	Раимбаева Динара Талантовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог сарапшы. 2019 жыл 29.07. №255 бұйрық. АББ	12
5	Конуспай ару Муратовна	Биология пәнінің мұғалімі	Педагог сарапшы. 2019 жыл 29.07. №255 бұйрық. АББ	7
6	Құрманяз Әсем Ысқақызы	Биология пәнінің мұғалімі	Педагог сарапшы. 2019 жыл 29.07. №255 бұйрық. АББ	5
7	Раимкулова Гулжан Жумалиевна	Психолог	Педагог сарапшы. 2018 жыл 28.12. № 820 бұйрық. АББ	13,5
8	Адилгереева Айнур Нурымғалиевна	Информатика пәнінің мұғалімі	Педагог сарапшы. 2020 жыл 28.08. №27/2 бұйрық. АББ	8
9	Мопыкова Бексана Ақтайқызы	Көркем еңбек пәнінің мұғалімі	Педагог сарапшы. 2019 жыл 29.07. №255 бұйрық. АББ	13,5

Эксперименттік білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізгі ережелері ескеріліп, эксперимент жұмыстары нәтижесінде білім беру бағдарламалары әзірлеу жоспарланды. Эксперименттік білім беру бағдарламалары әзірлеу үшін ең бастысы біздер қазіргі жастарға ұлттық сана қалыптастыру мақсатты көздедік. Рухани болмыстың негізі ұлттық сана. Ұлттық сананы құрметтеу, тарихымызды сақтау, білу, ұлттық сананы иеленіп отырумен тең. Ұлттық болмысымыздың рухани негізіне айналған ұлттық сана құбылыстарын зерделеу міндетіміз деп алдық. Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарихтағы құбылысы: елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және ұлттық бірегейлік. Ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жастардың ерік жігерін қалыптастырып отыратыны анық. Осы тұрғыдан экспериментаторлар 5 тақырып таңдалып алынды. 1) «Ұлттық қолөнер –Ұлы мұра»; 2) «Қазақ асылдары»; 3) «Қанның қасиеті мен қасіреті»; 4)«Цифрлық технология негізінде ақпараттық мәдениетті арттыру»; 5) «Тұлғаның креативтілігін дамытудағы психологиялық факторлары»



Ғылыми-зерттеушілік жұмыстар. /2020-2023/

№ п/п	Ғылыми-зерттеушілік жұмысының тақырыбы	Қысқа сипаттамасы	Экспериментке қатысу педагогтердің аты-жөні, санаты	Орын дау мерзімі	Нәтижесі
1.	«Цифрлық технология негізінде ақпараттық мәдениетті арттыру».	Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Жетістікке апаратын қадамдарды бірте-бірте көрсету арқылы әр тақырыпты түсіндіру барысында оқушыларға неғұрлым түсінікті тілде жеткізе отырып, қызықты мәліметтермен бірге түсінуіне жағдай жасау. Цифрлық сауаттылықты тиімді ұсынуға мүмкіндік беретін қадамдар, түсініктемеге қатысты оқушының ойлануы және жауабы, логикалық ойлау арқылы неге қол жеткізе алатынын көрсету. Қажет ету мотивтері жоғары болуына байланысты жаңа идея ойлап табу, қолданып көру-оның күнделікті кәсіби міндеті екенін түсіне отырып, оқушыларды цифрландыру жүйесі және тілді білу өте қажет екендігіне жетелеу.	Адилгеррева Айнур Нурымғалиевна	2020- 2023	Авторлық бағдарлама
2	«Тұлғаның креативтілігін дамытудағы психологиялық факторлары»	Қазіргі таңдағы жағдай бойынша адам айналасында болып жатқан өзгерістерге тез бейімделіп өзгеруі керек, үнемі өсіп, үнемі даму үстінде болуы керек. Креативтілік қоршаған ортаның қойған талаптарын сай келу үшін тез өзгеріп, дамуына әкеледі. Ол талаптарды қанағаттандыру үшін жеке тұлғаның дамуына толығымен нышаны болып табылады. Қалыптасқан жеке тұлғаның белсенділігін арттыру үшін жағымды әсер ететін формасы ол қызметі болып табылады. Ал кәсіби қызметті сәтті түрде іске асыру үшін креативтілікті дамыту процесі үлкен әсер етеді.	Раимкулова Гулжан Жумалиевна	2020- 2023	
3		Ұлттық қолөнерді зерттеу арқылы шығармашылық жұмыстармен айналысуға ықпал жасау, эстетикалық тәрбиеге жол сілтеу. Эстетикалық мәдениеті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда			Авторлық бағдарлама

	«Ұлттық қолөнер – Ұлы мұра».	өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан, қазірден бастап жастарға ойлау, эмоционалды сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, бұл осы, ұлттық қол өнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.	Мопықова Бексана Ақтайқызы	2020-2023	
4	«Қазақ асылдары»	Қазақ зиялыларының шығармашылығын негізге ала отырып, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру. Жазушылардың таңдамалы шығармаларын бұқаралық ақпарат бетінде жарық көрген материалдарын, шығармашылығы жайында әдебиет зерттеушілерінің пікірлерін сараптау, ақын-жазушылардың заманауи қырларын ашу, шығармаларының стильдік мәнері мен көркемдік арнасына мән беру. Қаламгерлердің образ жасау шеберлігіне көз жіберіп, оның мұрасына тән ерекшеліктерді жүйелей талдау. Әр кейіпкердің бойындағы рухани құндылықтарды, олардың бойынан көрінетін адамгершілік қасиеттерді оқушылар бойына дарыту.	Ильясова Жадра Касенғалиевна Шобдарбаева Нургул Қаниқызы Раимбаева Динара Талантовна Дерманова Нурша Есенгельдиевна.	2020-2023	Авторлық бағдарлама
5	«Қанның қасиеті мен қасіреті»	Қан - адам денесі мүшелеріне қоректік жеткізетін сұйықтық. Жарақсыз заттарды денеден сыртқа тасымалдау міндетін атқарады. Тұла бойына нәр жеткізіп тұрған алып жүйенің негізі – бауыр, жүрек және қан тамырдан құралады. Қан жүйесінің маңызы, оның адам организміндегі тіршілігі мен қазақ ұғымындағы қасиеттерін зерттеу. Қанның маңызы, адам организміндегі тіршілігі мен рөлі туралы теориялық негізде іздену жұмыстарын жүргізу. Қанның қазақ ұғымындағы қасиеті және қасіреті туралы ақпарат жинақтау	Конуспай Ару Муратовна Құрманяз Әсем Ысқаққызы	2020-2023	Авторлық бағдарлама

1. «Цифрлық технология негізінде ақпараттық мәдениетті арттыру».

Экспериментатор: Адилгереева А.Н

Өзектілігі: Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Жетістікке апаратын қадамдарды бірте-бірте көрсету арқылы әр тақырыпты түсіндіру барысында оқушыларға неғұрлым түсінікті тілде жеткізе отырып, қызықты мәліметтермен бірге түсінуіне жағдай жасау. Цифрлық сауаттылықты тиімді ұсынуға мүмкіндік беретін қадамдар, түсініктемеге қатысты оқушының ойлануы және жауабы, логикалық ойлау арқылы неге қол жеткізе алатынын көрсету.

Қажет ету мотивтері жоғары болуына байланысты жаңа идея ойлап табу, қолданып көру-оның күнделікті кәсіби міндеті екенін түсіне отырып, оқушыларды цифрландыру жүйесі және тілді білу өте қажет екендігіне жетелеу.

Мақсаты: оқушыларды қазіргі заманауи цифрлық технологиялармен тиімді жұмыстану үшін базалық білім, білік және дағдыны қалыптастыру.

Іске асыру:

1.Кезең . Бұл кезеңде компьютер және компьютерлік техниканы қолдану дағдылары, оқу үрдісінде қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

2.Кезең. Педагог АКТ-мен жұмыс жасау негіздерін практикалық тұрғыда меңгереді. Электронды оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру, веб сайттар дайындау.

Зерттеу жаңашылдығы: цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқыту процесін жетілдіріп, бағытталған ақпараттық мәдениетін дамытады.

2. «Тұлғаның креативтілігін дамытудағы психологиялық факторлар» *Экспериментатор: Раимқұлова Г.Ж*

Өзектілігі: қазіргі таңдағы жағдай бойынша адам айналасында болып жатқан өзгерістерге тез бейімделіп өзгүрі керек, үнемі өсіп, үнемі даму үстінде болуы керек. Креативтілік қоршаған ортаның қойған талаптарын сай келу үшін тез өзгеріп, дамуына әкеледі. Ол талаптарды қанағаттандыру үшін жеке тұлғаның дамуына толығымен нышаны болып табылады. Қалыптасқан жеке тұлғаның белсенділігін арттыру үшін жағымды әсер ететін

формасы ол қызметі болып табылады. Ал кәсіби қызметті сәтті түрде іске асыру үшін креативтілікті дамыту процесі үлкен әсер етеді. Көптеген теориялық және эксперименталды зерттеулерге қарамастан жеке тұлғаның креативтілігін дамыту терең зерттеуді қажет етеді, өйткені белгілі концепцияларда креативтіліктің табиғаты, даму факторлары туралы жауаптар аз. Демек, жүйелі түрде креативтіліктің даму факторларын айқындайтын негізгі концепцияларын талдау қажет.

Креативтілік дегеніміз – бар нәрседен басқа нәрсе ойлап табу; Мәселелерді өзгеше жолмен шешу; Бірбеткей ойлаудан бас тарту.

Мақсаты: креативтілікті дамытудың психологиялық факторларын анықтау негізінде креативтілікті дамыту үдерісін оңтайландыру бағдарламасын өндеу.

Зерттеу объектісі- креативтілікті жеке тұлға қасиеті ретінде зерттеу.

Іске асыру :

Кезең. Психологиялық, педагогикалық әдебиеттер негізінде мәселелерді теориялық өндеу арқылы және зерттеу негізінде бағытын анықтау.

Кезең . Эксперимент базасын анықтау. Зерттеуге қатысушылары №6 ХГ КММ экспериментке қатысушы 9 мұғалім, жастары 29-40 жас аралығы. Зерттеу қорытындысын талдау жасау, алынған нәтижелерді өндеп, эксперимент қорытындысын шығару.

Зерттеу жаңашылдығы: креативтілік концепциясын жалпы психологиялық негізінде жеке тұлғаның даму деңгейін теориялық негізінде қалыптастыру, эксперимент түрінде оны іске асыру. «Ұлттық қолөнер – Ұлы мұра».

Экспериментатор: Мопықова Бексана Ақтайқызы

Өзектілігі: Ұлттық қолөнерді зерттеу арқылы шығармашылық жұмыстармен айналысуға ықпал жасау, эстетикалық тәрбиеге жол сілтеу. Эстетикалық мәдениеті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан, қазірден бастап жастарға ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, бұл осы, ұлттық қол өнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.

Мақсаты: қазақтың ұлттық саласында қолтаңба ретінде қалыптасқан ұлттық өнерді жаңғырту.

Іске асыру:

1.Кезең. Ұлттық қолөнерді зерттеу, шығармашылық жұмысты айқындау.

2.Кезең. Ұлттық қолөнердің бір түрі – төрт түлік малдың жүнін қолөнер саласында тиімді пайдалану. Шығармашылық жұмыс нәтижесін өндеп, эксперимент қорытындысын шығару.



Зерттеу жаңашылдығы: ұмыт болып бара жатқан ұлттық қолөнердегі жүннің пайдалану аясын кеңейту. «Қазақ асылдары» *Экспериментаторлар: Дерманова Н. Е., Ильасова Ж.К., Шобдарбаева Н. Қ., Раимбаева Д.Т.*

Өзектілігі: Қазақ зиялыларының шығармашылығын негізге ала отырып, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру. Жазушылардың таңдамалы шығармаларын бұқаралық ақпарат бетінде жарық көрген материалдарын, шығармашылығы жайында әдебиет зерттеушілерінің пікірлерін сараптау, ақын-жазушылардың заманауи қырларын ашу, шығармаларының стильдік мәнері мен көркемдік арнасына мән беру. Қаламгерлердің образ жасау шеберлігіне көз жіберіп, оның мұрасына тән ерекшеліктерді жүйелей талдау. Әр кейіпкердің бойындағы рухани құндылықтарды, олардың бойынан көрінетін адамгершілік қасиеттерді оқушылар бойына дарыту.


Мақсаты: Қазақ зиялыларының шығармашылығын негізге ала отырып, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру.

1. Кезең. Зерттеу жұмысын жүргізетін қазақ асылдарын таңдау, іріктеу.

2.Кезең. Жазушылардың таңдамалы шығармаларын бұқаралық ақпарат бетінде жарық көрген материалдарын, шығармашылығы жайында әдебиет зерттеушілерінің пікірлерін сараптау, ақын-жазушылардың заманауи қырларын ашу, шығармаларының стильдік мәнері мен көркемдік арнасына мән беру. Қаламгерлердің образ жасау шеберлігіне көз жіберіп, оның мұрасына тән ерекшеліктерді жүйелей талдау. Әр кейіпкердің бойындағы рухани құндылықтарды, олардың бойынан көрінетін адамгершілік қасиеттерді оқушылар бойына дарыту. Зерттеу жүйесінде қазақ асылдарының шығармаларын талдап, өзіндік ерекшелігін терең зерттеп ғылыми айналымға түсіру.



Эксперименттің 1 кезеңінде креативті педагогтердың жаңаруға ішкі ұмтылысын дамыту мақсатында, яғни бұл педагогикалық құбылысты жан жақты түрде тиянақты анықтап білу үшін экспериментке сүйеніп педагогикалық зерттеудің тиімді әдістері қолданылады. Ғылыми эксперимент, қолайлы жағдайларды зерттеу әдісі болғандықтан, экспериментте нақтылы дәлелдердің ұйымдастырылып жүргізілуі қарастырылды. Эксперименттің екі кезеңі белгіленді, олар эксперименттің ұйымдастырылуы, мазмұндылығы мен талдауы. Ұйымдастыру кезеңінде болжаулар жасалып, зерттеудің мақсаты мен мәселелері анықталды. Эксперимент жұмысы жүргізілетін тақырыптар таңдалып және теория жүзінде жүргізілетін жұмыстарды дәлелдеу үшін болжамдар жасалды. Ғылыми эксперимент жұмыстарын жүргізу тәсілдері мен критерийлері анықталды. 2-кезең эксперименттің мазмұнды түрде жүргізу кезеңі. Бұл эксперимент жұмысының кезеңі жұмыстың мазмұнды жағын тандап алу, экспериментті орындау, мәліметтерді жинау жұмыстары жасалады, алынған эксперименттің көрсеткіштерін талдау, талдаудан өткен материалдарды эксперименттің мақсаты мен болжауына сәйкес келетіндігін анықтау, түзетуден өткізілген материалдарды жинақтау, эксперимент қорытындысын жасау, осы жұмыстарды алдағы уақытқа жоспарланды.



«Креативті ойлау тұрғысынан іргелі ізденістер іс- тәжірбиеден» тақырыбындағы облыстық workshop

27 сәуір күні «Білім беру мазмұныны жағарту жағдайынд креативті педагогтің ішкі ұмтылысын дамыту» облыстық тәжірбиелік- эксперименттік жұмыс аясында Хромтау ауданы, №6 Хромтау гимназиясында «Креативті ойлау тұрғысынан іргелі ізденістер іс- тәжірбиеден» тақырыбында облыстық workshop өтті. Пікірталас шеберханасын «Өрлеу»- Ақтөбе кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент, ғылым жетекшісі А.К. Каплиева, мектеп директоры Г.О Мукашева алғы сөзбен ашып, педагогтердың креативті потенциалын жетілдіру әдістеріне тоқталды.

Пікірталас алаңында №6 Хромтау гимназиясының психологы, А.Б. Кушербаева «Эксперимент жағдайында креативті педагогтің ішкі ұмтылысын дамыту» студия, биология пәні мұғалімдері, экспериментаторлар А.М. Конуспай, Ә.Ы. Құрманяз «Этнобиологиядағы рухани тұтастық ерекшеліктерін сақтау» коучинг, бастауыш сынып мұғалімі, экспериментатор Д.Т. Раимбаева «Инклюзивті білім беру- өмір қажеттілігі» кіріктірілген сабақ өткізіп, іс – тәжірбиелерімен бөлісті.

Шеберхана алаңында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, экспериментатор Н.Е. Дерманова «Томирис» сахналық қойылым, көркем еңбек пәні мұғалімі, экспериментатор Б.А. Мопыкова өткізген «Ұршық иірімдері» шебер сыныпта қатысушылар пікірлерін ортаға салды.

«Кейс – холдинг» тәсілімен кері байланыс жүргізіліп, workshop жұмысы қорытындыланды. Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты ғылыми- зерттеу жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін №6 Хромтау гимназия әкімшілігіне, педагог- экспериментаторларға, модераторларға ризашылығын білдірді.



«Үштүғырлы» тілді үйретуде пәнаралық



байланыстың ерекшелігі.



Жаратылыстану пәндерін үш тілде бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстар есебі (физика, химия, биология, информатика) оқыту

Көптілді оқыту — жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үділіп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік. №6 Хромтау гимназиясында 2018-2019 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығы негізінде 03.09. 2018 жылғы № 205/1 н/қ «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндері бойынша пилоттық режимінде ағылшын тілінде оқыту элементтерінің еңгізілуін ұйымдастыру туралы» бұйрыққа сәйкес **2021-2022 оқу жылында «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндері 8 «Ә» сыныбында – физика, 8 «А», 9 «А» сыныптарында – информатика, 9 «Ә» сыныбында химия және биология, 9 «А» сыныбында – биология, 8 «Б» сыныбында-биология пәндері ішінара ағылшын тілінде оқытылуын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.** Ағылшын тілінде жүргізетін педагогер тізімі бекітілді. Тізімге сәйкес педагогер үштілділік бойынша біліктілік арттыру курстарынан өтті. Үштілдік оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда «CLIL» тиімді әдісі, ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттыру және олардың «Үштілдік» ұлттық жоба аясында білім алып дамуға бейімдеу үшін барлық жағдайлар жасалды.

1. 2021-2022 оқу жылында оқу-жұмыс жоспарының вариативті бөлігі есебінен «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» ағылшын тілінде оқыту элементтерінің еңгізілуін жүзеге асырған педагогтар тізімі.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Жүргізетін пәні	Үштілділік бойынша біліктілікті арттыру курсы	CEFR Level
1	Жаржанова Жайнагуль Куандыковна	Информатика	2017 жыл. Үштілдік бағдарламасы аясында "Терминология және ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері" 72 академ. сағаттық курсынан өтті. 2017 жыл ағылшын тілі курсының A1, A2 деңгейлерін аяқтады. 2017 жылы ағылшын тілі курсының B1 курсы аяқтады.	B1
2	Адилгереева Айну Нурымғалиевна	Информатика	2017 жыл. Үштілдік бағдарламасы аясында "Терминология және ағылшын тілінде сабақ берудің	C1

			негіздері" 72 академ. сағаттық курсынан өтті. 2017 жыл ағылшын тілі курсының А1, А2 деңгейлерін аяқтады. 2017 жылы ағылшын тілі курсының В1 курсы аяқтады.	
3	Кусаева Мирамгуль Муафиқовна	Физика	2017 жыл. Үштілдік бағдарламасы аясында «Терминология және ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері» 72 академ. Сағаттық курсынан өтті. 2017 жыл ағылшын тілі курсының А1, А2 деңгейлерін аяқтады. 2017 жылы ағылшын тілі курсының В1 курсы аяқтады.	С1
4	Ешкеева Айгуль Тулеуовна	Биология	2018 жыл. «Білім беру саласындағы ағылшын тілінде сөйлейтін замануи маман» атты біліктілікті арттыру бағдарламасының 200 сағаттық В1 деңгейдегі ағылшын тілі курсы тәмамдады	В2
5	Құрманғазы Асем Бісқаққызы	Биология	2017 жыл. Үштілдік бағдарламасы аясында «Терминология және ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері» 72 академ. Сағаттық курсынан өтті. 2017 жыл ағылшын тілі курсының А1, А2 деңгейлерін аяқтады. 2017 жылы ағылшын тілі курсының В1 курсы аяқтады	С1
6	Конуспай Ару	Биология	Successfully completeg 220 hours of intensive English course of the professional Development Program: the level of B2 according to CEFR	С1
7	Сүйеуова Жанна Амантаевна	Химия	2018 жылдың 6 - 15 тамыз аралығында «XXI ғасыр педагогы» атты біліктілікті арттыру бағдарламасының 72 сағаттық Биология, Химия, Физика және Информатика пән мұғалімдеріне арналған пәндік курсы тәмамдағанын растайды» Сертификат №08-30747, 15.08.2018 жылы алған. «2018 жылдың 20 тамыз –10 қараша аралығында «XXI ғасыр педагогы» атты біліктілікті арттыру бағдарламасының 220 сағаттық В2 деңгейіндегі ағылшын тілі курсы тәмамдағанын растайды. Сертификат №08-35491, 24.11. 2018 жылы алған. Тест қорытындысы бойынша С1 деңгейін растайтын сертификаты бар.	С1

2021-2022 оқу жылында оқу - жұмыс жоспарының вариативтік бөлігі есебінен **8«А», 8«Ә», 8«Б», 9«А», 9«Ә»** сыныптарында «Биология», «Физика», «Химия» және «Информатика» пәндерін үш тілділікті кіріктіріп оқыту жалғастырылды. Аталған кластарда білім алушылардың білімдерін кеңейту және үштілділік саясатын жүзеге асыру аталған пәндер бойынша білім алушылардың академиялық тілін дамыту мақсатында. «Терминдер ағылшын тілінде» аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.

2022 жылғы 20 қаңтарда ZOOM платформасы арқылы Биология», «Физика», «Химия» және «Информатика» пәндерін үш тілділікті кіріктіріп оқыту бойынша пән мұғалімдері ашық сабақ өткізді. 8 «Ә» сыныбында физика пәнінен «Electric current.current sources.Электр тоғы, электр тоғы көздері» тақырыбында Кусаева М.М. өткізді.

9 «Ә» сыныбында Сүйеуова Ж.А. химия пәнінен «Alkali metals and their compounds» тақырыбында өткізді.

Биология пәнінен 9 «Ә» сыныбында Құрманғазы Ә.Б. «Neurons» және 9 «А» сыныбында «Бұлшықет. Бұлшықеттің жұмысы. Muscles. Muscleswork» тақырыптарында сабақ өткізілді.

Ұсыныс:

- Диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау.
- Жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау.
- Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу.
- Қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру.
- Оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру

Оқу жылы	Барлық мұғалім саны	білімі			пәні	Тәлімгер бекіту, бұйрығы	Шығып кеткен жас маман
		жоғары	арн/орта	магистр			
2019-2020	5	1	3	1	МАД – 1 Қазақ тілі мен әдебиеті-1 Дене шынықтыру -2 Көркем еңбек -1		0
2020-2021	3	3	0	1	Қазақ тілі мен әдебиеті-1 Орыс тілі мен әдебиеті – 1 Физика пәні - 1	2020 жылғы 01 қыркүйек Бұйрық №34 -ж/қ	1
2021-2022	2	1	1	0	Математика пәні мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі	2021 жылғы 10 қыркүйек Бұйрық №59/2 н-қ	0

Қорытынды: Рақымғалиева Ағиса Омарқызы – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі /декреттік демалыс/
Жулбекова Зарина Беркиновна – физика пәні мұғалімі /декреттік демалыс/
Амангелдиева Диана Еркінқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі 2021ж қыркүйек айынан өз еркімен жұмыстан шықты. Ақтөбе қаласы, №2 гимназияда еңбек етуде.

2019-2020 о.ж

- 1.Тәлімгер Г.Ж.Даутова – А.П.Сарсенова – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Тәлімгер Б.А.Мопыкова – Т.Игэлэг – көркем еңбек пәні мұғалімі

2020-2021 о.ж

2020 жылғы 01 қыркүйек

Бұйрық №34 -ж/қ

1. Тәлімгер А.С.Спанова - Д.Е.Амангелдиева - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Тәлімгер М.Б.Райымбаева - З.Б.Жульбекова- физика пәні мұғалімі
3. Тәлімгер М.Ш Тлеуова - - Тәжібай М.-дене шынықтыру пәні мұғалімі
4. Тәлімгер Ф.Кунтаева - Толебай Н.- дене шынықтыру пәні мұғалімі

2021-2022 о.ж

2021 жылғы 10 қыркүйек

Бұйрық №59/2 н-қ

1. Тәлімгер Темирбаева М.Д. - Нұрмұханова Ж.Қ. – математика пәні мұғалімі
2. Тәлімгер Суюндиқова Г.Т. - Жиенбаева А.Б. – бастауыш сынып мұғалімі

2021-2022 оқу жылы бойынша №6 Хромтау гимназиясының тәрбие жұмысының талдамасы

Гимназиядағы тәрбие беру жұмысының келелі мәселесі: Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда негізгі нормативтік құқықтық құжаттар басшылыққа алынған. Жаңа оқу жылында мектеп формасы бойынша талаптар сақталды, сондай-ақ классикалық стилдегі ыңғайлы киіммен баруға рұқсат етілді. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының бағыттары бойынша жобалар іске асырылып, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-

сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды және «Әліппе»алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 28 қыркүйек күні «Күншуақ» мектеп парламентін сайлау өтті. Сайлауға 9,11 класс білім алушылары қатысып, 10 фракция үміткерлеріне дауыс берілді. Гимназиямызда «Күншуақ» мектеп парламенті құрылып, жоспарлы мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыстар жүргізілді. Парламент құрамында 9 білім алушы, 1-балалар өкілділігі, 31 сыныптың президенттері бар. Қыркүйек айында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челенджеріне орай бейнероликтер түсіріліп, инстаграм желісіне жарияланды.

Тәрбие бағытының бірі – білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу. Білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Электр тоғының қауіптілігі туралы , электр сымдарынан алшақ жүруді, сырты электр қондырғыларының қасында ойнауға болмайтындығын түсіндіру мақсатында «Электр тоғының қауіптілігі» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

9 қараша күні балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін кеңейтіп, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге үйрету мақсатында Хромтау аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Ержанов Исатай Әмірғалиұлы және өрт сөндіруші-құтқарушы Мағауия Мәди білім алушылармен кездесті.

Гимназия директорының 2021 жылдың 28 қыркүйегіндегі №60/1-н/қ бұйрығына сәйкес Алдымен білім алушыларға директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Жасаганбергенова Баян Идирисовна оқу-жаттығу өткізуге байланысты қауіпсіздік ережелерімен таныстырса, алғашқы әскери дайындық оқытушысы Бірлік Жандәулет өрт сөндіру құралын қолдану ережесімен таныстырды.

1-желтоқсан- Тұңғыш Президент күніне орай "Елі сүйген, елін сүйген Елбасы", "Қазақтың тұңғыш Президенті - қазағымның мақтанышы", "Елбасы - тәуелсіздігімнің тірегі" , «Елбасы-ел тірегі, ел сенімі», "Елбасы өмірбаяны және жасампаз идеялары" тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 9.12.2021 күні әскери патриоттық клуб мүшелері арасында аудандық «Мерген Сарбаз» пневматикалық винтовкадан ату сайысы өтті. Сайыс қорытындысы бойынша гимназия командасы ІІ орынға ие болды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сынып сағаттары, Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны, «Мен Тәуелсіз Қазақстанды бейнелеймін» жас суретшілер, «Біз – Ұлы дала балаларымыз!»-флеш-моб, «Нұрлы Отанымыз - тәуелсіз Қазақстан» білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылып, «Әнім сенсің, туған ел!» патриоттық әндер байқауы, «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздікке-30 жыл» тақырыбында әдеби-музыкалық сазды бағдарлама қойылды.

21 желтоқсан күні N20 өрт сөндіру бөлімінің азаматтық қорғау аға лейтенанты Айтқулова Ерасыл Жұмабайұлы және өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші, азаматтық қорғау аға сержанты Жалғасов Аманжол Турғалиевич 7-8 сынып білім алушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында пиротехникалық бұйымдарды пайдалану ережелерімен таныстыра отырып, бұйымды пайдалану нұсқаулығын әрдайым мұқият оқу керектігін ескертті.

Ақпан айында "Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие" бағыты бойынша «Патриотизм – ұлттық рухтың асқақ белгісі», «Ауған соғысы-жүректегі жара», "Батырлар елінде ", "Ерлік-елге мұра!", " Ұлттық тәрбие -ұлағат көзі", "Ерлік ешқашан ұмытылмайды!" тақырыптарында сынып сағаттары , «Патриотизм- ұлттық рухтың асқақ белгісі» атты тақырыбында аудандық тарихи-өлкетану мұражайында музей сабағы өтіп, «Сұңқар» патриоттық клубының мүшелері «Ауған соғысы ардагерлері арамызда»

тақырыбында Ауған соғысының ардагерлері Имандосов Ержолдас Мұхамбетжанұлы мен Талменов Аманғазы Нұрғазиевичпен кездесті.

Наурыз айында өткен аудандық "Мерген ару" 2022 сайысында №6 Хромтау гимназиясының 10 сынып оқушысы Қуаныш Жаннұр жүлделі 2-орын иеленіп, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдагулованың ерлігіне арналған пневматикалық винтовкадан нысанаға көздеп атудан облыстың жалпы білім беретін мектептерінің оқушы қыз балалары арасында өткізілген "МЕРГЕН ӘЛИЯ - 2022" әскери патриоттық турнирінде Алғыс хатпен марапатталды.

11 наурыз күні ZOOM платформасымен жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібі бойынша Хромтау ауданының ТЖБ бас маманы Карагужин Амир Русланұлы тұрғын секторда өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау, улы газбен уланудың себептеріне тоқталып, ата-аналарды сақтыққа шақырды. Сонымен қатар әлеуметтік педагогикалық қолдау, электронды темекі: Вейп несімен қауіпті, туберкулез туралы, мезгілдік астения, білім алушылардың қауіпсіздігі мәселелері қаралып, талқыланды.

11.03.2022 күні Аудандық Білім бөлімі және Төтенше жағдайлар бөлімі бірігіп, аудандық әскери қолданбалы сайыс ұйымдастырылды. Нәтижесінде №6 Хромтау гимназиясы жүлделі 2 орынға ие болды.

2022 жылдың 4-5 сәуір аралығында интернетке тәуелділіктің алдын алу, кәмелетке толмағандардың интернет-белсенділігін бақылауға қатысты интернет- қызметтерді ересек пайдаланушылардың жауапкершілігін, интернет-пайдалану мәдениетін арттыру мақсатында «Мен офлайн» облыстық акциясы аясында гимназиямызда бірқатар іс-шаралар жоспарланып, өткізілді. Жоспарға сәйкес 4 сәуір күні «Күншуақ» мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Мен интернетсіз күнімді қалай өткіздім?» тақырыбында білім алушылар суреттер салса, интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында «Интернетсіз күн» тақырыбында сұхбат сағаты, «Қауіпсіз интернетті қалай түсінесің?» тақырыбында шаралар өткізіліп, интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында психолог Күшербаева Анарым "Әлеуметтік желі зиян ба, пайдалы ма?" тақырыбында психологиялық кеңес берілді.

Сәуір айында гуманитарлық пәндер кафедрасының "Ұлы халықтар тарихын ісімен, сөзімен, өнерімен жазады" онкүндігі аясында 8 "Б" сынып оқушыларына Дөң тау - кең байыту комбинатының музейіне және Хромтау аудандық тарихи-өлкетану музейіне экскурсия ұйымдастырылды. Шара барысында оқушыларға саяси қуғын - сүргін құрбандары, ашаршылық құрбандары туралы қосымша мәліметтер берілді. Хромтау өңірінің саяси қуғын сүргін құрбандарының мұрағат құжаттары көшірмелерімен таныстырылды.

Імамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай білім алушыларға қазақ халқының бірлік пен ынтымақтастықты, татулық пен ауызбіршілікті бәрінен де жоғары қоя білгендігін ұғындыру және ұлттық сананы қалыптастыру мақсатында БІРЛІК сағаттары, «Әрқашан күн сөнбесін!» атты асфальт үстінде сурет салу, «Қазақстан-көп ұлттың достық мекені» атты мектепшілік сурет салу байқауы, "Қазақстан-біздің сүйікті, ортақ Отанымыз" тақырыбында 10сынып білім алушысы Қуатбай Жаннұрдың мерекелік құттықтау жасады, "Қазақ елі-татулық мекені" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, "Тәуелсіздіктің басты тірегі-татулық!" атты челлендж [@5khromtaugimnazia](#) қабылдап [@7mektep_gimnaziya](#) жолданды.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай гимназия білім алушылары мен "Күншуақ" мектеп парламентінің білім алушылары соғыс ардагері Грецкий Василий Ивановичті құттықтаса, гимназия білім алушылары мен ата-аналары арасында теннистен жарыс, гимназия аруларының мерекелік сазды бағдарлама, "Желбірей бер, Жеңіс туы, мәңгілік" атты гимназия білім алушыларының мерекелік құттықтау, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж ұйымдастырылып, сынып сағаттары өткізілді.

Балалар жылы аясында "Рухани жаңғыру" бағдарламасының "Туған жер" арнайы жобасы бойынша мектеп әкімшілігі, ата-аналар, "Күншуақ" мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 14-15 мамыр күндері №6 Хромтау гимназиясының 23 - білім алушылары қазақ даласының інжу- маржаны аталған Бурабай демалыс орнына экскурсия жасады. Экскурсия барысында білім алушылар "Оқжетпес" шыңын, "Жұмбақтас", "Бөлектәу" , "Абылай хан алаңы" сияқты көрікті жерлердің тарихымен танысты.

2021-2022 оқу жылының 24 мамыр күні №6 Хромтау гимназиясында Балалар жылы аясында бастауыш сынып пен орта буын білім алушыларына арналған «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиында Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Туы кіргізіліп, Гимн орындалды. Оқу жылының аяқталуы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жаржанова Жайнагүл Қуандыққызы таныстырса, гимназия директоры Мукашева Гүлмараш Орынбасарқызы ұстаздар мен білім алушыларды, ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, дарынды білім алушыларды марапаттады. Салтанатты жиынның қонағы ардагер ұстаз Елдесова Қарлығаш Жұмашевна оқу жылының аяқталуымен құттықтап, ұстаздарға, ата-аналарға алғысын білдіріп, «Үздік сыныптарды» марапаттаса, «Оқуға құштар мектеп» жобасының қорытындысы бойынша «Үздік оқырман класс», «Үздік оқырман» номинация иегерлерін кітапханашы Елеусизова Әлия Мұхамбетқызы марапаттады. Салтанатты жиын барысында тақырыптық әндер айтылып, білім алушылар флеш – моб орындады.

2021-2022 оқу жылының 25 мамыр күні №6 Хромтау гимназиясында Балалар жылы аясында мектеп бітіруші түлектерге арналған «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиын өтті. Биыл мектебімізден 35 түлек қанат қағып ұшқалы отыр. Оның ішінде «Алтын белгі» үміткерлері-2, «Үздік аттестат» үміткерлері - 9. Салтанатты жиында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы кіргізіліп, Гимн орындалды. Оқу жылының аяқталуы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жаржанова Жайнагүл Қуандыққызы таныстырса, салтанатты жиынның қонағы Хромтау ауданы әкімінің орынбасары Қабыл Мадияр Рақымжанұлына оқу жылының аяқталуымен құттықтап, 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша білім, өнер, спорт саласында ерекшеленген дарынды білім алушыларды марапаттады. Аудандық білім бөлімінің бас маманы Сағынаева Шынар Пангереевна Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы Жолдас Батырханның түлектерге арналған құттықтауын оқыды. Гимназия директоры Мукашева Гүлмараш Орынбасарқызы ұстаздар мен білім алушыларды, ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, білім беру саласында жетістікке жеткен ұстаздарды марапаттады. Салтанатты жиынның қонағы ардагер ұстаз Саимова Сайран Ешмағамбетқызы ұстаздарға, ата-аналарға алғысын білдіріп, түлектерге ақ батасын берді. Сонымен қатар «Үздік сынып» байқауының жеңімпаздары, «Оқуға құштар мектеп» жобасының қорытындысы бойынша «Үздік оқырман» номинация иегерлері төс белгілермен марапатталды. Мектеп бітіруші түлектер 10-сынып білім алушыларына «Білім кілтін» табыстап, соңғы қоңырау соқты.

Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады. Волонтерлік білім алушылардың адами әлеуетін ашуға, адамгершілікті тәрбиелеуге және әлеуметтік тәжірибені дамытуға ықпал етеді. Осы орайда гимназиямыздың еріктілер тобы бірқатар жұмыстар жүргізді. Қарттар күніне орай бастауыш сынып білім алушылары ата-әжелерін құттықтаса, еріктілер клубының мүшелері қарттарды мерекемен құттықтап, аулаларын жинап берді. 12 қараша күні «Күншуақ» мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Аталған шараға мектеп ұжымы, білім алушылар, әкелер, аналар мектебінің мүшелері, қолдау жасап, ризашылықтарын білдірді. Жиналған қаржы үй жағдайында білім алатын білім алушыларға берілді.

2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар жүргізілді. "Оқуға құштар мектеп", "Ұлт бейнесі жазушылар қаламында" мектепшілік жобасы және аудандық қыздар онкүндігі аясында Ә.Нұршайықовтың "Махаббат қызық мол жылдар" кітабы бойынша "Ана жүрегінен шыққан ақылды нақылдар" тақырыбындағы жоғарғы буын білім алушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.

"Тіл ғұмыры- ұлт ғұмыры" тақырыбындағы тіл айлығы аясында қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай "Ана тілім- айбыным" атты әдеби кеш, 5-7- сынып білім алушыларымен " Ана тілі - ұлттық құндылығым" тақырыбында шығарма, ұлт ұстазы Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына арнап " Ұлағатты ұстаз" тақырыбында эссе, 4 сыныптар арасындағы "Мен үш тілде сөйлеймін" атты зияткерлік сайыс, 7 сыныптар арасындағы "Веселая грамматика" атты интеллектуалдық ойын, "Тіл мерейі, ел мерейі", "Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз", "Ана тілім- ардағым", "Рухани жаңғыру-Мәңгілік тіл!", «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл», "Менің тілім-

ғажап тіл", "Тіл-ұлттың жаны", "Ана тілі- ұлттық құндылығымыз" тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

4 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап сезімді оятады» атты библиотерапия ұйымдастырылып өткізілді. 5 сынып білім алушылары арасында "Құпия дос" акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты: білім алушылар арасында жағымды достық қарым - қатынас қалыптастыруға ықпал ету. Психолог: Кушербаева А.Б

Ақпан айында еріктілер тобы " Қоғамға қызмет" жобасы аясында Бекеев Мұңсызбай ақсақалдың ауласының қарын тазартып берді.

7-11 ақпан аралығында «Оқуға құштар мектеп», «100 кітап» жобалары аясында қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесі, Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін үлкен тебіреніспен суреттеп жазған Қасым Қайсеновтың " Жау тылындағы бала" повесі, Әзілхан Нұршайықовтың "Махаббат қызық мол жылдар" романы, Бердібек Соқпақбаевтың "Балалық шаққа саяхат" повесі, Мағжан Жұмабаевтың «Балалық шақ» өлеңі, Мұхтар Шахановтың " Өркениеттің адасуы" романы, қазақтың лирик ақыны Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтың «Мен қарапайым қарттарды сүйемін» атты өлеңі, Дулат Бабатайұлы "Жақсы мен жаман", А.Байтұрсынов «40 мысал», Сайын Мұратбеков «Жабайы алма» повесі, қазақ халқының қаламгері Жұбан Молдағалиевтің "Мен қазақпын" поэмасы, "Қазақтың дана ақыны, дара ақыны Абай Құнанбаевтың қара сөздері" тақырыптарында сынып сағаттары болып өтті.

№6 Хромтау гимназиясында Наурыз мерекесі қарсаңында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапхананың алтын кітап сөресі—салт—дәстүр, әдет—ғұрып тақырыбындағы кітаптар беттеріне саяхат құра отырып өткізілген "Ұлттық сана—ұрпаққа аманат" отбасылық байқауы. К. Ахметованың "Сен—қазақсың" өлеңі, төрт түлікке арналған өлеңдер оқылып, ғибратты әңгімелер, ғұрыптық жырлар айтылып, көріністер көрсетіліп, дәстүрлі әндер орындалып, қазақтың жазылмаған заңдары сұрақ—жауап арқылы еске алынды. Отбасылық байқау ұлттың өзіндік мінез, өзіндік сана, өзіндік қалыбы бар ата—баба аманатын үлгілеу мақсатына жетті.

Алғыс айту күніне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптары, "Шығыстың ұлылары" топтамасындағы кітаптар, әлем әдебиеті шығармаларымен толықты.

«Бала жылы» жоспарына сай әлеуметтік қолдауды қажет ететін 7 отбасына №6 Хромтау гимназиясы ұжымы қалалық мәдениет үйінде 7 наурыз күні өтетін Кеңес Әлімжанның жеке концертіне билет алып берілді. Балалар жылы жоспарына сәйкес 25 наурыз күні "Балаларға қуаныш сыйла!" тақырыбы бойынша бір топ балалар "Сinema- Khrom" кинотеатрында "Зверобой-2" мультфильмін тамашалап, бос уақыттарын көңілді өткізді. Тамаша сәттен кейін, балалар түскі ас ішіп, алған әсерлерімен бөлісті.

Наурыз айында рухани- адамгершілік тәрбие бағытында "Қайырымдылық-асыл қасиет", "Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің", "Кең болсаң, кем болмайсың", "Мейірімділік жасауға асығайық", "Жомарттық деп нені түсінесің?" тақырыптарында сынып сағаттары, «Қайырымдылық жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

7-11 ақпан аралығындағы «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Әлем қандай тамаша!» апталығы аясында «Сүйіспеншілікке толы жүрек», «Бұл әлем қандай тамаша!», «Мейірімділік - асыл қасиет», «Сүйіспеншілік- тіршіліктің негізгі тірегі», «Мейірімді бала» тақырыптарында сүйіспеншілік, мейірімділік сабақтары өтті.

Ұлттық тәрбие аясында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылып, жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Гастрономиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында "Ұлттық тағамдар", "Қазақтың ұлттық тағамдары" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Қазан айында Рухани жаңғыру "Дәстүр және ғұрып" жобасы аясында "Сымбат" үйірмесінің білім алушыларына "Кесте тігу өнері" тақырыбында шебер класс өтілді. Үйірме жетекшісі: Мопықова Б.А.

2 ақпан күні «Дәстүр және ғұрып» жобасы аясында ұлттық өнердің бір түрі сәндік тігіс "орайпек" кесте түрі туралы түсінік беру, қыз баланың ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыру, ортақ іске араласу сезімдерін, еңбексүйгіштікке қызығушылықтарын арттыру

мақсатында аналар мектебінің мүшесі Есентугеловна Дүйсенова Айнаш "Кестедегі ою-өрнек" тақырыбында қыз балаларға шебер класс өткізді.

31 қаңтар күні «Дәстүр және ғұрып» және «Отбасы-мектеп» жобалары аясында аналар мектебінің мүшесі Хромтау аудандық кітапханасының қызмет көрсету бөлімінің менгерушісі Айтанатова Жанаргуль Бахбергеновна «Сымбат» қыз балалар клубымен «Қыз баланы тәрбиелеуде дәстүрлі қазақ ұстанымдары» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесуді ұйымдастырушы балалар өкілдігі Бисекей Фарида және «Күншуақ» мектеп парламенті.

Ақпан айында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша «Қазақстанның киелі орындарының бірі-Қазығұрт тауы», "Қазақстанның киелі мекендерінің бірі - Бекет ата жер асты мешіті",«Таңбалы тас» ескерткіші, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мазары, «Есік - сақ обасы», «Баба түті шашты Өзіз кесенесі», «Тектұрмас кешені (XIVғ).», "Ботай қонысы", "Райымбек батыр кесенесі" және "Тама Есет Көкіұлы кесенесі",«Қазақстанның мәдени ескерткіштерінің бірі- Махамбет Өтемісұлы кесенесі», "Есет батыр Көкіұлы", "Ұкаша ата құдығы", "Қазақстанның киелі жерлері", "Қасиетті Түркістан", "Арыстан баб кесенесі", "Домалақ ана кесенесі", "Ерекше тағзым етілетін табиғи мұра ескерткіштерінің бірі-Жылаған ата үңгірі", "Қ.А.Яссауи кесене-кешені(Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XVғ)", "Қарашаш ана кесенесі (X1-X11ғғ.)", "Қазақ елі" монументі және "Мәңгілік Ел"салтанатты аркасы, "Ыбырай Алтынсарин кесенесі", "Хан Тәңірі шыңы", "Абай-Шәкәрім мемориалдық кешені, "Укаш ата мазары", "Айшабиби кесенесі", "Бәйтерек" монументі, "Ашаршылық құрбандарына ескерткіш монументі", "Ұлылар елі - Отырар" тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

Аналар мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес аналар кеңесінің мүшесі Жармагамбетова Назерке қыз балаларға «Камзол тігіп үйренеміз» тақырыбында шебер класс өткізді. 3 наурыз күні 5-6-7 сынып қыз балалары арасында қазақ халқының төл мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында «Көктем аруы-22» байқауы болып өтті.

«Алғысым шексіз!» осылайша, наурыз айының беташар күні мерекелік құттықтау, бір-біріне деген ыстық ықылас пен ризашылық сөздермен бастау алды. Алғыс айту күніне орай сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

15 наурыз күні-Бата беру күні. Бұл күні ақсақалдар, білім алушылардың баталары алынып, инстаграм желісіне салынды. 16 наурыз- Жайлау күні. Бұл күні "Ақжүніс" аналар мектебі білім алушыларға қазақтың ұлттық тағамдарының бірі бауырсақтар таратты. 17 наурыз күні қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, көнеден бастау алатын сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі әдет-ғұрыптары, олардың ішіндегі ең өміршеңі отбасылық салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту мақсатында «Отбасы-мектеп, дәстүр және ғұрып» жобасы аясында «Әжемнің сандығы» атты сайысы ұйымдастырылып, наурыз мерекесіне орай сынып сағаттары өткізілді. 18.03 күні «Дәстүр және ғұрып» жобасы аясында «Қазақтың ұлттық тағамдарының "фестивалі өткізілді.

Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру: отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туыскандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік. «Отбасы –мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту үшін педагогтердің әлеуетін арттыруға бағытталған. Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында гимназия директорының 2021 жылғы 27қыркүйек №59/5 - н/қ бұйрығына сәйкес «Ақжүніс» аналар мектебі, «Мирас» әкелер мектебі құрылды.

Қыркүйек айында өткен «Отбасы-бақыт мекені» апталығында 1 сынып білім алушылары «Менің отбасым» тақырыбында суреттер салып, 2 сынып білім алушылары «Бақыт бұл...» тақырыбында фото суреттер көрмесін, 3-4 сынып білім алушылары аналарына сыйлықтар дайындаса, «Отбасы –бақыт мекені», «Отбасы бар екендігі қаншалықты жақсы», «Отбасы құндылығы» тақырыбында сынып сағаттары, апта соңында «Ата-анаңа қоңырау шал» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

Ерте жүктіліктің алдын алу, қыз бала тәрбиесіне байланысты қыркүйек айында "Қыз бала-біздің гүліміз",«Қыздарға әсемдік жарасады», «Қызға қырық үйден тыйым», "Қыз бала ұлттың ұяты,халықтың шырайы" тақырыптарында сынып сағаттары, "Қыз бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі" дөңгелек үстел, жоғары сынып білім алушыларымен «Ұлттық құндылығымыздың ұйытқысы – тәрбиелі қыз» тақырыбында әлеуметтік педагог Максимова Гүлнұр әңгіме сағат

өткізілді. 28 қыркүйек күні жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында «Инабат» қыз балалар клубының мүшелері «Жасөспірімдердің арасындағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында аудандық аурухана психологы Сарсенова Гүлнар Орынбасаровна мен гинеколог Лябина Кенжегүл Сагидуллаевнамен кездесті. 5 қазан күні 10 сынып қыз балаларымен "Қыз бала тұлғасының психологиялық ерекшеліктері" тақырыбында дәріс сағаты өткізілді.

1-11 сынып оқушылары ата аналары арасында 20.10.2021 жылы «Отбасындағы толерантты мінез құлықты қалыптастыру» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: жас ұрпақтың тәрбиесіне бірыңғай көзқарас қалыптастыру, адамдардың жекелігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсінуге үйрету.

9 қараша күні 20 қараша - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала құқығы-адам құқығы» атты айлықтың жұмыс жоспарына сәйкес «Бала құқықтарын құрметтеу және оның тәрбиесіне жауапкершілік» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы болып өтті. 11 қараша күні «Отбасы және мектеп» жобасы аясында мектепшілік 4-ші сыныптар аралығында өткізілген «Жұлдызды сәт» отбасылық викторинасы (халық мақал-мәтелдерінің үздік білгірлері) сайысы өтті. 25 қараша күні әкелер мектебінің мүшелері Ергазин Ринат, Абдулин Ержан, Биманов Медет «Ұлағат» ер балалар клубымен «Темекі шегудің, ішімдіктің, нашарлықтың зияны» тақырыбында кездесу өткізді. Ерте жүктіліктің алдын алу жоспарына сәйкес ақпан айында 7-8 сынып қыз балалары аудандық емхана гинекологы Абишева Фариза Муратовна мен психолог Сарсенова Гульзира Орынбасаровнамен кездесті.

3 наурыз күні «Ақжүніс» аналар мектебінің мүшесі Курманова Жанар Нурмухановна «Инабат» қыз балалар клубымен «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында әңгіме сағат өткізді. Шараны бала өкілі Бисекей Фарида ұйымдастырды. 4 наурыз күні «Инабат» қыз балалар клубы «Ана мейірімі» тақырыбында әжелермен кездесті. Кездесуге Имандосова Жаңылсын, Турмухамбетова Бекзада, Шангытбаева Жанылсын, Юсупова Райхан, Тахауова Бибзада, Рысмағамбетова Мерей әжелеріміз келді. Кездесу қыз балалар бойында ізгілік пен инабаттылық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілік және ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Аналар мерекесіне орай сынып сағаттары өтіп, “Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған” атты мерекелік сазды бағдарламасы қойылды.

10 наурыз күні "Мирас" әкелер мектебі ұйымдастыруымен волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа әкелер, ұстаздар, білім алушылар командасы қатысты.

14 наурыз күні «Отбасы- мектеп», «Дәстүр және ғұрып» жобалары аясында «Мирас» әкелер мектебі мен «Ұлағат» ер балалар клубының ұйымдастыруымен «Әке-бәйтерек, бала оның жапырағы» тақырыбында 5-6 сынып әкелері мен ер балалары арасында сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: отбасы ынтымақтастығын дамыту, әкелердің бала тәрбиесіндегі ролін нығайту. Сайысқа қатысқан әкелер ұлдарымен қамшы, брелок жасады. Сайыстың нәтижесі бойынша 5б сыныбы- Олжабаев Асхат Уларбекович «Шебер әке» I орын; 6ә сыныбы- Дүйсенбаев Ануар Бақбергенович «Белсенді әке» II орын; 5а сыныбы- Даулеткул Азамат Даулеткулулы «Мықты әке» III орын; 5ә сыныбы –Нұртазин Болат-«Үлгілі әке», 6а сыныбы- Садуов Төлеубек «Өнерлі әке» номинациясына ие болып, гимназия директорының «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

"Отбасы -мектеп" жобасы аясында Дүниежүзілік денсаулық күніне орай "Мирас" әкелер мектебі мен "Күншуақ" мектеп парламентінің ұйымдастыруымен баскетболдан жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа әкелер, ұстаздар, білім алушылар командалары қатысты. I орынға әкелер командасы ие болды.

4 сәуір сағат 14-00 -17-00 ге дейін «Ашық есік» күні өткізілді. Шараның мақсаты: жалпы ата-аналарды мектеп өмірімен таныстыру. Аталмыш шара басында гимназия психологі А.Кушербаева келген қонақтарға кереметтей сергіту сәтін сыйлады. Қатысқан ата-аналарымыз кейін пән мұғалімдерімен кездесті. Кездесу барысында ата-аналар пән мұғалімдерімен тілдесіп, көкейтесті сұрақтарын қойып, балаларының сабаққа үлгерімі, тәртібі т.б. мәселелер бойынша ақпарат алды. Әрі қарай шара жалпы ата-аналар жиналысымен жалғасты. Жиналыстың алғашқы сөзін гимназия директоры Г.О.Мукашева алып, бүгінгі күн мақсатымен таныстырып өтті. Сонымен қатар, мектебімізде болып жатқан жаңалықтар, биыл 26 мамыр мен 17 маусым аралығында жүргізілетін жазғы мектеп туралы, ауа райының жылынуына байланысты балалардың мектеп формасын сақтауы туралы және т.б. өзекті

мәселелерді атап өтті. Шара соңында келген ата-аналар ұйымдастырылған шаралардан алған әсерлерін білдіріп, алғыстарын, ыстық ықыласын жеткізді.

15 сәуір күні «Инабат» қыз балалар клубының отырысы болып өтті. Отырыс барысында жалпы қыз балалар тазалығы, тәртіп, мектеп формасы туралы айтылды.

15 мамыр-Отбасы күніне орай гимназия медбикесі Хасенова А, психолог Кушербаева А "жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында 11 сынып қыз балаларымен "Кел, сырласайық" пікіралысу сағаты, «Менің әкем-ең жақсы адам» фото суреттер, сынып сағаттары өткізілді.

Балалар жылында “Отбасы-мектеп”, “Мәдениетті ата-ана - мәдениетті ұлт” жобалары аясында № 6 Хромтау гимназиясының 6”А” сыныбында “Бала тәрбиесіндегі еңбектің рөлі: жазғы еңбек пен демалыс”, 7”Б” сыныбында “Отбасы-тәрбиенің басты ұясы” тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша №6 Хромтау гимназиясында «Мейірім» ата-аналар кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, жоспарлы жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, хаттамалары жиналған. Кеңес төрағасы Бекбулатова Алтынгүл.

Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізілді. Қыркүйек айында "Мамандықтар әлемі", "Мұндай да мамандық бар", "Мен кәсіптер әлемінде" тақырыптарында сынып сағаттары, 5-7 сыныптар арасында «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы, “Ұлағатты ұстазға, ыстық ықыласпен!” тақырыбында мерекелік іс-шаралар өткізілді. Қазан айында тренинг жаттығулары арқылы білім алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтай отырып, мамандық таңдауға бағыт беру мақсатында «Болашаққа бағдар» танымдық психологиялық сағат өткізілді. Жарнамалық шығармашылық - әлемдік мәдениеттегі өзінше бөлек объект. Жарнаманың көрнекті әрекеттерінің көп ғасырлы дәстүрі бар. 8-9 сыныптар аралығында «Жарнама жасау өнері» ойыны өткізілді

9 ақпан күні 10-11 сынып білім алушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында 2020-2021 оқу жылының гимназия түлегі, Кеңес одағының екі мәрте батыры Т. Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институтының курсанты Сәулебеков Диас Нұржанұлымен кездесу ұйымдастырылды.

10.03.2022 күні кәсіптік бағдарлау жұмысы шеңберінде №6 Хромтау гимназиясының 9 сынып білім алушыларымен Хромтау тау-кен колледжіне экскурсия ұйымдастырылды. Білім алушылар колледждің өндірістік оқыту шеберханаларын, акт залы, спорт залы, асханасын, колледж ғимаратын толық аралап, мамандықтар туралы ақпарат алды. Экскурсия өте пайдалы және қызықты өтті.

10 наурыз күні «Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны оқытушысы Молдагазина Айман Нуртаевна 9-11 сынып білім алушыларын колледжде берілетін мамандықтармен таныстырып, кәсіби бағдар берді.

6 сәуір күні 11 сынып білім алушыларына Логистика және көлік академиясы туралы мағлұмат беріп, мамандықтар туралы ақпарат айтылды. Кәсіптік бағдар беруші Амангүл Ерғалиқызы.

14 сәуір күні 9-11 сынып білім алушыларын кәсіптік бағыттау мақсатында "Мамандық таңдау; қабілет, қызығушылық, мүмкіндік" тақырыбында мамандармен кездесуге арналған танымдық сағаты өткізілді. Маман иелері мен кездесуге есепші, мұғалім, Хромтау ауданы №20 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші - құтқарушы мамандары, ДНК шахтасының маркшейдер мамандары келіп, өз мамандықтары туралы ақпарат беріп, қызықты сәттері мен бөлісті. Кәсіби мамандық апталығына байланысты «Ата-анамның жұмыс орнына» саяхат жасалды. Балалар жылына орай Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінде жұмыс жасайтын ата-аналардың балалары колледжге экскурсияға барды.

18-22 сәуір аралығында кәсіби бағдар беру мақсатында «Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің

таңдауым», «Мамандық таңдау –жауапты қадам», «Барлық мамандық жақсы-таңдау өзінде тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Балалар жылына» орай 20 сәуір күні «Күншуақ» мектеп парламенті гимназия директоры, ардагер ұстаз Мукашева Гүлмараш Орынбасарқызымен сыр-сұхбат ұйымдастырды. Шара барысында білім алушылар Гүлмараш Орынбасарқызына білім беру саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбектері және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде жеткен жетістіктері, кездескен қиыншылықтар туралы сұрақтар қойып, еркін жүздесті.

16-21 мамыр аралығында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша барлық сыныптарда "Мамандықтың бәрі жақсы", «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Мамандықтар әлемі», «Мамандық таңдау – маңызды шешім», сынып сағаттары өтті.

«Үнем – қоғам қуаты» жобасы шеңберінде ұқыптылық пен үнемділік, үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауға үйрету мақсатында іс-шаралар жүргізілді. Күзгі каникул кезінде «Шебер қолдар» үйірмесінің білім алушылары «ПВХ материалынан үй макетін жасау» атты шебер класс көрсетсе, «Сымбат» үйірмесінің білім алушылары қағаздан гүл және тағы басқа бұйымдар жасауды үйренді. «Қайта өңдеу үшін сұрыпта», «Эко сағат бүгінен баста» тақырыптарында бейнематериалдар инстаграм желісіне салынды.

«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеу мақсатында іс-шаралар жүргізілді. “Жас Ұлан” ұйымының белсенділері білім алушылардың экологиялық білімін жоғарылату, елдің тазалығына үлес қосуға үйрету мақсатында “Плоггинг” (жүгіріп жүріп, қоқыс жинау) акциясына белсенді қатысты.

18 қыркүйек күні «Бірге-таза Қазақстан!» акциясы бойынша гимназия ұжымы сенбілікке қатысты. Қазан айында "Өңірдің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары", "Экологиялық орта", "Егер сіз сау болғыңыз келсе, табиғатты қорғаңыз", "Қызыл кітап - дабыл белгісі", "Жердегі өмірдің пайда болуы", "Табиғат қателіктерді кешірмейді", "Табиғатты сақтау- өмірді сақтау", «Менің экоүйім және ондағы барлық нәрсе», «Су сен өмірсің», "Табиғат ана-не туралы айтып берді?" тақырыптарында сынып сағаттары өтті. 5-7 сыныптар аралығында «Алтын күз!» сайысымыз ұйымдастырылып өткізілді. Сайысқа барлық сыныптар жоғарғы дәрежеде атсалысты. Нәтижесінде: Бас жүлдеге- 5ә сыныбы, I орынға-5а сыныбы, II орынға-5б,7ә сыныбы, III орынға-6а,7ә сыптары ие болды. Қалған сыныптар номинациямен марапатталды.

11-15 сәуір арлығында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша “Қанаттылардың алуан түрлілігі”, "Гүлді өсімдіктердің алуан түрлілігі. Үй өсімдіктерінің Отаны", «Өндіріс қалдықтары» 21 ғасыр үшін ескірген және экологиялық тұрғыдан қолайсыз ұғым", "Ауа және жылыжай", "Табиғаттағы құстардың рөлі", «Экологиялық мәселелер», "Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері", "Табиғат сыйы", «Өндіріс қалдықтары», «Біз көппіз-жер бір», "Экология және біз", "Қоғалыстағы денсаулық" тақырыптарында сынып сағаттары өтті. 18-19 сәуір күндері білім алушылар “Тазалық табалдырықтан басталады” деген ұранмен қоршаған ортаны таза ұстауға өз үлесін қосып сенбілікке шықты.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында «Балалар және театр» азартушылық жобасы аясында театр үйірмесі құрылды.

Қазан айында республикалық экологиялық “From waste to art” байқауы аясында N6 Хромтау гимназиясының оқушысы Жолдыбаев Бекболат 9ә Сиыр мүйізінен "Құс" мүсінін жасады.

Қазан айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында “Оқуға құштар мектеп”, “Отбасы- мектеп”, “Балалар және театр” жобаларын іске асыру мақсатында мектепшілік “Бір кітаптың ізімен” атты сахналық қойылым өткізілді.

27-28-29 желтоқсан күні өткізілген жаңа жылдық ертеңгіліктер өтті. N6 Хромтау гимназиясында алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген әсем шырша жанында "Құтты болсын, Жаңа жыл!" атты ертеңгілік болып өтті. Аяз Ата, Ақша қар, ескі жыл, жаңа барыс жылы балаларға көтеріңкі көңіл сыйлады. Жаңа жылдың ең маңызды дәстүрі тілек тілеу.

Гимназия директоры Гүлмараш Орынбасарқызы мен аудандық білім бөлімінің әдіскері Бибігүл Бақытжанқызы балаларды Жаңа жылмен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Ертеңгілік соңында Аяз Ата мен Ақша қар балаларға сыйлықтар табыс етті.

28 қаңтар күні «Театр және балалар» жобасы аясында білім алушылардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында қойылым байқауы болып өтті. Аталған шараға 8 сыныптар қатысты. Білім алушылар қойылым барысында зиянды заттардың адам ағзасына қаншалықты зиян екендігін көрсете алды. Байқаудың қорытындысы бойынша I орын-8ә сынып, II орын-8а сынып, III орын-8б сыныбы иеленді. Шараны ұйымдастырған ұйымдастырушы педагог Доцанова Ақзира және «Күншуақ» парламентінің спорт және салауатты өмір салты министрі Серік Рәбия.

Ақпан айында «Өзін – өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі аясында "Театр әлемі" атты үйірмесінің мүшелері "Ұрпаққа ұран болған аналар" тақырыбында сахналық қойылым қойды. Қойылымда театр мүшелері аты аңызға айналған сақ-массагет халқының ханшайымы- Томирисінің ерлік істерін, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін көрсетті.

24 наурыз күні «Балалар және театр» жобасы аясында Қазақ халық ертегілерінің желісі бойынша мектепшілік 1-2 сыныптар арасында «Ертегілер еліне саяхат » атты сахналық қойылым ұйымдастырылып өткізілді. Қойылымға барлық сыныптар «Бай мен жалшы», «Әкенің мұрагері», «Ең қасиетті жеміс ертегісі», «жыл басына таласқан хайуанаттар», «Алдар көсе», «Мақта қыз бен Мысық» ертегілерін сахналады. Нәтижесінде: 2а сыныбы-I орынға, 1а, 1б, 2б сыныптары-II орынға, 1в, 1ә, 2ә сыныптары-III орынға ие болды.

Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Осы орайда «Балалар және театр», Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында «Бір кітаптың ізімен» атты сахналық қойылым байқауы өткізілді. Байқауға 3-4 сынып білім алушылары мен 7-8-10 сынып білім алушылары жоғарғы деңгейде атсалысты. Қойылым нәтижесінде: бастауыш сыныптар үшін I орынға - 4а, 4б сыныбы, II орынға-3ә сыныбы, III орынға-4ә, 4в сыныптары иеленді. Жоғарғы сыныптар үшін: I орынға-8ә сыныбы, II орынға- 8б, 7б сыныбы, III орынға- 7ә, 7а, 10ә сыныптары иеленді. Сонымен қатар ақпан айында көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша "Әдептілік-тәрбие бастауы", "Әдептілік-әдемілік", "Әдептілік әліппесі", "Әдептілік-адамгершілік әліппесі", "Театр әлемі", "Театр - мәдениет ошағы", "Әдептілік әлемі", "Әдептілік айнасы", "Мейірімділік сенен басталады", "Адалдық- ардың ісі", "Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен", «Әдеп – ең қымбат мирас», "Мейірімділік - асыл қасиет", "Сәлемдесу әдептілік белгісі", "Қарым-қатынас жарастығы", «Театр – ерекше патшалық» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

Балалар жылына орай 18 мамыр күні бүлдіршіндердің өнерге деген қызығушылығын арттыру және қабілеттерін шыңдау мақсатында мектеп алды даярлық топтары арасында "Әнші балапан" байқауы ұйымдастырылды. Байқау ән, би, көркем сөз жанрлары бойынша өтті. Байқаудың қорытындысы бойынша ән жанры бойынша Елеусизова Айдана, Ақпан Нүрзейін, би жанры бойынша Лиасова Жанерке жеңімпаз атанып, аудандық "Әнші балапан" байқауына жолдама алды.

Зияткерлік тәрбие білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. ***«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы»*** жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында «INFINITY» дебат клубы құрылды. Қыркүйек айында "INFINITY" дебат клубының мүшелерімен "БП: қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі деп есептейді" тақырыбында пікірсайыс, қараша айында «Дебат» қозғалысы жобасы аясында зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағытында "INFINITY" дебат клубының мүшелерімен "БП ғаламтордың пайдасынан зияны көп деп есептейді" тақырыбында дебат ойыны өткізілді.

Қазан айында «Ақтөбе -Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен Ақтөбе қаласы, N64 орта мектеп базасында өткен 2021 жылдың 16 қазан күні 1-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған мектеп оқушыларының арасындағы облыстық дебат турниріне қатысып, N6 Хромтау гимназиясының 10 сынып оқушылары Райымбекова Мерует пен Қуаныш Жаннұр озық ойын ортаға

салып, жүзден жүйрік шығып, жүлделі ІІІ орын иеленді және «ҮЗДІК ОЙЫНШЫ» номинациясы бойынша диплом, сонымен бірге, «Royals» (1 команда 2 оқушы) командасын дайындап, жетекшілік жасағаны үшін №6 Хромтау гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сарсенова Ақкүміске, 10 сынып оқушылары Райымбекова Мерует пен Қуаныш Жаннұрға облыстық білім басқармасының басшысы Ж. Батырханның атынан «Алғыс хат» табыс етілді.

Қараша айында зияткерлік тәрбие, ақпараттық, мәдениетті тәрбиелеу бағытында "Қауіпсіз ғаламтор", "Қауіпсіз интернет", "Киберқауіпсіздік дегеніміз не?", «Компьютердің адам өміріне зияны және пайдасы», "Адамның кемшіліктері және зиянды әдеттері", «Киберқауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздік» тақырыптарында сынып сағаттары, 17-21 қаңтар аралығында "IQ Games", "Дарабоз", "Ұшқыр ой алаңы", "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ", "IQ дода", "Алтын сақа" зияткерлік ойын сабақтары өткізілді.

Қараша айында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы және тұңғыш президент күніне орай ұйымдастырылған облыс әкімінің кубогына арналған облыстық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңі болып өтті. Озық ойын көрсетіп, нәтижелі ойын көрсетіп "Royals" фракциясы (Райымбекова Мерует, Қуаныш Жаннұр) бас жүлдеге ие болды.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирінің аудандық кезеңі 02.02.2021 күні №7 Хромтау мектеп гимназиясының базасында өтті. Пікірсайыс турниріне 9 мектептің оқушылары қатыстырылды. Турнир нәтижесінде гимназиямыздың «Royals» фракциясы ІІ орынға ие болды.

18-22 сәуір аралығында интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында «Ойлы болсаң, озарсың!», «Зерде» интеллектуалды ойыны, "Жұлдызды сәт", «Білімді- мыңды жығар, білекті – бірді жығар» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады. Қыркүйек айында «Салауатты өмір салты жасасын!» апталығында «Денсаулық – адам өмірі үшін ең басты құндылық», «Салауатты өмір салты», «Коронавирустық инфекцияның алдын алу», «Жұқпалы аурулардың алдын алу», «Мінез-құлқтық қауіп факторларының алдын алу» тақырыптарында сынып сағаттары өтіп, «Коронавирустан (COVID-19) қорғану үшін қолды жуу туралы білу керек барлық ақпарат» дәрігер кеңесі беріліп, «Буллингке қарсы саясат негіздері туралы ақпарат» тақырыбында білім алушыларға психологиялық кеңес берілді. 10 қыркүйек күні салауатты өмір салтын және спортпен шұғылдануды белсене насихаттау мақсатында денсаулық күні өткізілді. Аталған шараға гимназия ұжымы мен білім алушылар түгел қатысты. Денсаулық күніне орай салауатты өмір салтын ұстану - тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар қызық та, әрі көңілді екенін көрсетуге бағытталған түрлі спорт шаралары ұйымдастырылды. Алдымен жаппай жаттығу жасалды, 9-10-11 сыныптар арасында футбол, 5-сыныптар арасында асық, бес тас ойындары, 7-8 сыныптар арасында эстафеталық ойын, бастауыш сыныптар арасында арқан тартыстан жарыс ұйымдастырылды.

Дұрыс тамақтану күніне орай 11 қазан күні мектеп алды даярлық тобы жетекшілері тез дайындалатын тағам түрлерінің зияндылығын түсіндіру мақсатында «Зиянды тағам» тақырыбында сабақтар өткізді. 4 сынып білім алушылары арасында «Дұрыс тамақтану, өсу және даму» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді. "Дұрыс тамақтану білесің бе?", "Дұрыс тамақтану дегеніміз не?", "Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі", "Дұрыс тамақтану- денсаулық негізі" сынып сағаттары, 2-3 сыныптар арасында «Кішкентай аспаздар» сайысы, «Неліктен біз артық тамақтанамыз?» тамақтану психологиясы, мектеп медбикесі Хасенова Ақтенге Рахимжановна білім алушылармен «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында дәріс сабақ өткізді.

Балаларды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру, дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру мақсатында 5 қараша күні «Көңілді старт» спорттық жарыс өткізілді.

Қараша айында «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» апталығы барысында "Зиянды заттардан аулақ бол", «Әлемді жайлаған аждаһа», "Ертеңінді ойласаң есірткіге жолама", "СПИД - ғасыр дерті", "Нашақорлық-елімізге төнген қауіп", «Біз СПИД-ке қарсымыз!» тақырыптарында

сынып сағаттары, «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері салауатты өмір салтын насихаттап «Менің таңдауым – салауатты өмір!» тақырыбында акция, бастауыш сыныптар арасында «Көңілді мәре» ойындары, 6-7 сынып білім алушылары арасында "Жақсы көңіл күй -жан саулығының кепілі" тақырыбында түзету дамыту сабақтары ұйымдастырылып, өткізілді.

Қаңтар айында «Зиянды заттардан аулақ бол!» апталығында «Зиянды заттар және заң», «Аулақ бол, жаман әдеттен», «Вейп деген не?», «Зиянды заттардың зардаптары», «Зиянды заттарды белгілеу», "Денсаулығым-бар байлығым", "Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен" сынып сағаттары, "Күншуақ" мектеп парламенті мен "Жас Ұлан" өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар зиянды заттарды қолдануға қарсы» атты форум, «Темекінің зияны» дәріс, 2 сынып білім алушыларымен «Алғырлар! Мықтылар! Күштілер!» тақырыбында спорттық эстафеталық ойын ұйымдастырылды. 2022 жылдың 25 қаңтар күні білім алушыларға нашақорлықтың - ғасыр дерті екендігін ұғындыра отырып, бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу, саналы да салауатты өмір сүруге шақыру мақсатында «Нашақорлық-ғасыр дерті» дөңгелек үстел өткізілді.

8 ақпан күні Хромтау аудандық санитариялық-эпидемиологиялық -эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Мешитбаева Нургул Дунесовна жоғары сынып білім алушыларымен кездесіп Pfizer вакцинасы туралы түсіндіру жұмысын жүргізді.

Зиянды заттардың алдын алу мақсатында салауатты өмір салты бағыты бойынша 16 ақпан күні «Өз-өзінді алдау»: Электронды темекінің зияны» тақырыбында білім алушыларға дәріс сабақ өткізілді. Білім алушыларға маскүнемдіктің адам денсаулығына, тұрмысына, еңбек қабілетіне және қоғам өміріне зиян келтіретіндігін, мінез-құлықты бұзумен қоса, қылмысқа да итермелейтіндігін ұғындыра отырып, зиянды заттардан аулақ болуға және салауатты өмір сүруге баулу мақсатында 10-11 сынып білім алушыларымен «Маскүнемдік» тақырыбында медбике Хасенова Ақтенге дәріс сабақ өткізді.

Наурыз айында ерте жүктіліктің алдын алу жоспарына сәйкес психолог Кушербаева Анарым 9 сынып білім алушыларымен махаббат, сүйіспеншілік ұғымдарының құндылық ретіндегі мәнін ашу, жасөспірімдердің өзін-өзі бағалай білуге және өз іс – әрекетін түсіне білуге баулу, «Махаббат», «сезім» ұғымы туралы түсініктерін одан әрі бекіту мақсатында «Өзіңе деген махаббат, өмірге деген махаббат» танымдық ағартушылық сағатын өткізді.

16 наурыз күні №6 Хромтау гимназиясында медбике Хасенова Ақтенге білім алушыларға «Туберкулез – адамзаттың басты инфекциялық жауы» тақырыбында дәріс оқып, бейне материал көрсетті. Шара барысында аурудың белгілері, таралу жолдары, туберкулезді дамытуға әсер ететін факторлар, ауырмаудың алдын алу жолдар туралы ақпарат берілді.

31 наурыз-1 сәуір күндері зиянды заттарды қолданудың алдын алу мақсатында "Қоғамға келтіретін зиянды заттар" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Дүниежүзілік денсаулық күніне орай "Салауатты өмір-жарқын болашақ", "Салауатты өмір салты - денсаулық негізі", "Салауатты өмір - нұрлы болашақ", «Салауатты өмір - көтеріңкі көңіл», "Салауатты өмір салты және мен!", "Салауатты өмір салтын сақтайық!", "Стрес және оны жеңу жолдары", «Дені саудың-жаны сау», "Денсаулық-зор байлық", «Денсаулық- өз қолыңда» тақырыбында сынып сағаттары, «Күншуақ» мектеп парламенті мен дене шынықтыру пәні мұғалімі Тәжібай Мейірғали 4 сынып білім алушылары арасында «Көңілді мәре» эстафеталық ойыны өткізілді.

Сынып жетекшілермен жұмыс:

2021 жылдың 2 қыркүйектегі гимназия директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 59/11-н/қ бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2021 жылдың 2 қыркүйектегі гимназия директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» №59/12-н/қ бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Тапаева Гүлия тағайындалған. Бірлестіктің жұмыс жоспары құрылып, ай сайын бірлестік отырыс өткізіліп, хаттамалары жинақталған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбие жұмыстары туралы», «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуы жұмыстары», «Мұғалімдердің эмоционалдық құлдырауының алдын алуы», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы жобалармен жүргізілген жұмыстар» бойынша семинарлар өткізілсе, «Діни экстермизм мен терроризмнің алдын алуы», «Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары, дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту жұмыстарын ұйымдастыру», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастыру»,

«Білім алушыларды кәсіптік бағдар беру жұмысына бағыттау іс – шараларын ұйымдастыру», «Мектепте білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылығын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру», «ҚР Мемлекеттік Рәміздерді қолдану және насихаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру», «Білім алушыларды ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға тәрбиелеу жұмыстары» туралы мәселелер қаралып, талқыланды.

2022 жылдың 28 қаңтар күні Ақтөбе олыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Ата-аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында онлайн форматта ұйымдастырылған облыстық семинарға Нұрмұханова Жаниса Қожабекқызы, Ермұхамбет Гүлжайна Ермұхамбетқызы, Елкеева Баян Жумағалиевна, 2022 жылдың 16 ақпан күні өтетін облыстық «Класс жетекшілердің қызметін ұйымдастырудағы заманауи әдістері» онлайн семинарға 16 сынып жетекші қатысты.

25 ақпан күні сынып жетекшілер бірлестігімен «Бала және әлеуметтік желі: қолдау немесе шектеу» тақырыбында семинар-практикум өкізілді. Ұйымдастырушылар: Психолог Кушербаева А.Б, әлеуметтік педагог: Максимова Г.Т, 5"ә" класс жетекшісі Бакбергенова Г.Т

Кұқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы

2021 жылдың 2 қыркүйектегі гимназия директорының «Кұқық бұзушылықтың алдын алу кеңесін құру туралы» № 59/7-н/қ бұйрығы негізінде мектепшілік алдын алу кеңесі құрылды. Кеңес мүшелері саны-7. 2021 жылдың 2 қыркүйектегі гимназия директорының «Тәртіп сақшылар тобын құру туралы» № 59/6-н/қ бұйрығы негізінде құрамында 11 адамнан тұратын топ құрылды. Кеңестің ай сайынғы отырысы өтіп, хаттамалары жинақталды. Оқу жылының қорытындысы бойынша ішкі істер бөліміне есепке алынған білім алушы жоқ, мектепшілік есепке алынған білім алушы-1. Кұқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесулер, сынып сағаттары өткізілді. Кешкі рейдтер ұйымдастырылды.

«Кұқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында ағымдағы жылдың 6 қыркүйек күні 9-10-11 сынып білім алушыларымен қауіпсіздік шараларының алдын алу және құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты әңгіме сағат өткізілді. Білім алушылар жарақаттанудың, жазатайым оқиғалардың, сырқаттанудың алдын алу үшін, денсаулықтарын сақтау және нығайту үшін жалпы беретін ұйымның жарғысын, қауіпсіздік техникаларының талаптарын, өрт қауіпсіздігін, жүріс-тұрыс ережелерін, жеке және оқу гигиенасын қатаң сақтауы; қарапайым қауіпсіздікті сақтауы тиіс. Мектептерге қару мен оған сыртқы ұқсастығы бар заттарды әкелуге қатаң тыйым салынатындығы, бұдан бөлек, білім беру ұйымдарында шаншитын, кесетін және өткір заттарды, өнеркәсіптік құралдарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, улы, психоактивті заттарды әкелуге және пайдалануға жол берілмейтіндігі ескертілді. Сонымен қатар құқықтық білім беру мақсатында Қылмыстық кодекстің 163- бабына тоқталып, бопсалау –қылмыстық әрекет екендігі түсіндірілді. Және де кешкі мезгілде ата-анасыз көшеде жүруге болмайтындығы тағы да ескертіліп, сабақтан себепсіз қалмау керектігі айтылды.

17 қыркүйек күні №6 Хромтау гимназиясының 8-9-10-11 сынып білім алушылары ПБ жергілікті полиция қызмет инспекторы, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының міндетін атқарушы полиция капитаны Мырзагелдин Қуаныш Таңжарықұлы мен старшина Смагулов Нұрсұлтан Амантаевичпен кездесті. Кездесу барысында Қуаныш Таңжарықұлы кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстың алдын алу және профилактика, кәмелетке толмағандарға алколгольді ішімдіктерді, темекі өнімдерді сату, түнгі уақытта кәмелетке толмағандарды заңды өкілдерсіз ойын-сауықта тыс жерлерде болуын анықтау мақсатында аудан көлемінде жүргізіліп жатқан «Жасөспірім» жедел алдын алу шарасы туралы айтып, білім алушыларға сабақтан себепсіз қалмау, мектеп ережесін бұзбау, беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу керектігін ескертті.

17 қыркүйек күні 10-11 сынып білім алушыларымен «Буллингке ұғымы туралы ақпарат беру» тақырыбында психологиялық сағат өтті.

20 қараша - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 20қазан-20 қараша аралығында өткізілген «Бала құқығы-адам құқығы» атты айлық өткізілді. Айлық барысында «Ұрлық түбі қорлық», «Шындық пен өтірік», «Тәртіп не үшін қажет?», " Әрбір бала құқылы", Менің құқығым, менің міндеттерім" , "Кұқық сабақтары-өмір сабақтары", "Әр жасөспірімнің білуі керек", "Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі.Сіз оны білуіңіз керек!", сынып сағаттары, «Менің жанұям, менің ұйым және мен!», «Кұқығым бар!» тақырыптарында суреттер көрмесі ұйымдастырылып, «Бала

құқықтарын құрметтеу және оның тәрбиесіне жауапкершілік» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы, 10 қараша күні «Кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылықтың бірі ретіндегі балалардың қараусыз қалуы, көше кезушілігін алдын-алу шарасына бағытталған іс – шаралар» тақырыбында Хромтау ауданы ПБ жергілікті полиция қызмет инспекторы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының міндетін атқарушы полиция капитаны Мырзагелдин Қуаныш Таңжарықұлы 5-7 сынып білім алушыларымен кездесті. "Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері" тақырыбында психолог Кушербаева А.Б., әлеуметтік педагог Максимова Г. Т дәріс сабақ өткізді.

Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі- балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осы орайда 20 сәуір күні «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында Хромтау ауданы ПБ-нің бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Изашов Асылбек Амангосович пен Хромтау ауданы ПБ кәмелетке толмаған істері жөніндегі инспекторының міндетін атқарушы полиция капитаны Мырзагелдин Қуаныш Таңжарықұлы жоғары сынып білім алушыларымен кездесті. Асылбек Амангосович білім алушыларға кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі мен оларға жаза тағайындау ерекшеліктеріне тоқталып, мектепте, қоғамдық орындарда, тағы басқа да жерлерде өздерін қалай ұстау керектігін айтып, ата-ананы, ұстаздарды тыңдауға шақырды. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру мақсатында Асылбек Амангосович мектеп бітіруші түлектерді Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түсуге шақырып, ондағы білім беру бағдарламалары мен оқуға түсу тәртібі туралы ақпараттар берді. Қуаныш Таңжарықұлы өз кезегінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Заңнамасының 442-бабына тоқталып, түсіндіру жұмысын жүргізді. Сонымен қатар ата-ананың рұқсатынсыз көлікті жүргізбеуге, үнемі жолда жүру ережесін сақтау керектігін ескертті. Кездесу соңында гимназия директоры Мукашева Гүлмараш Орынбасарқызы білім алушыларды құқық бұзушылықтың қай кезде де жақсылыққа апармайтынын айтып, білімді, үлгілі, тәртіпті болуға шақырды.

21 сәуір күні жасөспірімдерді полиция қызметінің қыр-сырымен таныстыра отырып кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Хромтау ауданы жергілікті полиция бөліміне ПБ жергілікті полиция қызмет инспекторы, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының міндетін атқарушы полиция капитаны Мырзагелдин Қуаныш Таңжарықұлы №6 Хромтау гимназиясы білім алушыларына экскурсия ұйымдастырды.

Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері, суға түсу кезіндегі қауіпсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың алдын алу, жолда жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту мақсатында №6 Хромтау гимназиясының бастауыш сынып, 5-8 сынып білім алушыларына 17 мамыр күні «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік» тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

2021 жылдың 11 қыркүйектегі гимназия директорының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы» № 61/3-н/қ бұйрығы негізінде, 2021 жылдың 11 қыркүйектегі гимназия директорының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын ұйымдастыру туралы» № 61/4-н/қ бұйрығы негізінде жұмыс жоспарлары құрылып, іс-шаралар жүргізілді. «Адал ұрпақ» клубының құрамында-40 білім алушы бар.

Қазан айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес «Ұрлық –түбі қорлық», «Шындық пен өтірік», «Сыйлық қанша тұрады?», «Менің достарым-менің байлығым», «Әділ өмір сүрейік», «Әділдік — ізгіліктің ірге тасы», «Жемқорлық-алдамшы көрініс немесе шындық», «Пара алу және пара беру», «Пара беру-бұл қылмыс», «Азаматтық қоғам және сыбайлас жемқорлықпен күрес» тақырыптарында адалдық сағаттары өтті.

9 желтоқсан -Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Өтірік өрге баспайды», «Менің құқығым», «Әділ болу оңай ма?», «Қажеттілік және қалау», «Адалдық пен әділдік», «Егер мен президент болсам.....», «Жемқорлық туралы не білесің?», «Білім алушылар жемқорлыққа қарсы», «Азамат және жемқорлық», «Пара берумен қалай күресуге болады?», «Сыбайлас жемқорлық қарсы мәдениет» тақырыптарында сынып сағаттары өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында

Хромтау ауданы әкімі аппаратының бас маманы Битанов Кеңшілік Қасенғалиұлы жоғары сынып білім алушыларымен кездесті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және білім алушылардың қазақстандық патриотизм сезімін нығайту мақсатында ағымдағы 2022 жылдың 21 қаңтарында «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Адал ұрпақ» клубының мүшелері, «Күншуақ» мектеп парламенті, ұйымдастырушы педагог Доцанова Ақзираның жетекшілігімен 9 сынып білім алушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сахналық қойылым байқауы болып өтті. Аталған шараны өткізу барысында санитарлық талаптар ескерілді. Қойылымда білім алушылар қазіргі елде орын алатын сыбайлас жемқорлық көріністерін сомдады. Екі сыныптың білім алушылары тақырыпқа сай өте жақсы сахналық қойылым дайындаған. Дей тұрғанмен 9ә сынып білім алушыларының сахнада өздерін ұстаулары, ролдерді сомдаулары, сөйлеу мәдениеттері басымырақ болды. Байқауға қатысқан сыныптар гимназия директорының «Мақтау қағаздарымен» марапатталды.

Наурыз айының 1-2 күндері Алматы қаласында «Алтын Қарғалы» шипажайында Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауы өтті. №6 ХГ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Спанова Ақгүл Спанқызы «Көркем әдебиет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуетті күш» тақырыбындағы 11-класқа арналған арнаулы курс бағдарламасымен қатысып, 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ақпан айының 18-і күні 8 - 10 - сынып білім алушыларынан «Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама алынды. Сауалнама жасырын түрде өтті. Шарты: берілген сұрақтарға өз ойын жеткізу. Қатысқаны: 125 білім алушы. Қорытынды: «Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы» тақырыбында алынған әлеуметтік сауалнамаға 125 білім алушы қатысып, берілген сұрақтарға жауап берді. Күнделікті өмірде паракорлықтың қалай таралатыны туралы, жалпы сыбайлас жемқорлық туралы түсінігі бар екені байқалды. 92 білім алушы яғни 74%- ы білімге сенетіндігін, 1 % таныс – тамырға, ақшаға - 4 %, сәттіліктен - 8 % , 13 % - білмейтіндігін көрсетті. Ақша жинауға қысым жасай ма? – деген сұраққа 100% «жоқ» деген жауап берді. Ақша жинау туралы 1,6 %-ы «ия» деп жауап берді.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес және ҚР Президентінің 2022 жылғы 02 ақпанындағы Жарлығымен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын орындау мақсатында , №6 Хромтау гимназиясында 8-11 класс оқушыларына семинар өткізілді. Семинарды құқық негіздері пәнінің мұғалімдері Карагулова Дамира Кереевна мен Бакбергенова Гульнур Темирхановна өткізді. Семинарға жалпы көлемде 65 білім алушы қатысты.

Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу

2021 жылдың 02 қыркүйектегі гимназия директорының «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» № 59/5-н/қ бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілді. Оқу жылының алғашқы күнінде "Назар аударыңыз, балалар" іс-шарасын өткізілді. Бұл жол-көлік оқиғасын болдырмауға бағытталған жұмыс. Шара барысында жол белгісі мен бағдаршам жұмысы туралы сынып сағаттары өткізіліп, балаларға толық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 1 сынып білім алушыларына «Көше күтпеген оқиғаларға толы», 2 сыныптарда «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», 3сыныптарда «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», 4сыныптарда «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», 5сыныптарда «Біздің қала, аудан», 6 сыныптарда «Жол жүру ережелері», 7сыныптарда ««Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», 8сыныптарда «Жол белгілерінің халықаралық тілі» , 9-10-11 сыныптарда жолда жүру ережелеріне байланысты сынып сағаттары өтті. «Назар аударыңыз, балалар!» жедел алдын алу іс-шаралары барысында жол белгісі мен бағдаршам жұмысы туралы сынып сағаттары өткізіліп, балаларға толық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу заман талабы. 8 қыркүйек күні Хромтау ауданы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы полиция майоры Сагынтаев Әсет Молдағазыұлы және Хромтау ауданының ТЖБ бас маманы Оразалин Әділет №6 Хромтау гимназиясының жоғары сынып білім алушыларымен кездесті. Әсет Молдағазыұлы ең алдымен республика көлемінде жүргізілген «Назар аударыңыз, балалар!» акциясына тоқталып, қала көшелерінде қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерін сақтауға шақырды.

Білім алушыларға өмірінің қауіпсіздігі дағдыларын қалыптастыру және жолда жүру ережесін үйрету мақсатында 2022 жылдың 31 қаңтар күні «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында 1-2 сынып білім алушылары арасында «Көңілді бағдаршам» атты байқау болып өтті. Аталған шараны «Күншуақ» мектеп парламентінің құқық және тәртіп фракциясы министрі - Әбдімажит Әбдімәлік және жас жол қозғалыс инспекторлары ұйымдастырды. Байқаудың қорытындысы бойынша I орын-2ә сынып, II орын-1в,2б сыныптары, III орынға 1ә,1б сыныптары ие болды.

Сонымен қатар ақпан айында «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында білім алушыларға жолда жүру ережелерін білуге, сақтауға үйрету, жолдарда қауіпсіз қозғалыс пен өзін-өзі ұстау негіздері туралы ақпарат беру мақсатында 5-6 сыныптар арасында «Біз-жас жол қозғалыс инспекторларымыз» тақырыбында сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың қорытындысы бойынша I орын-5а, II орын-5б, III орынға –5ә, 6ә, 6б сыныптары иеленді.

Мамыр айында 1-11 сынып білім алушыларына жолдағы қауіпсіздік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл

2021 жылдың 02 қыркүйектегі гимназия директорының «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы ақпараттық топтың құрамын және жұмыс жоспарын бекіту туралы» № 59/9-н/қ бұйрығы негізінде 5 адамнан құрылған ақпараттық топ құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Діни отбасында тәрбиеленетін білім алушылар бар, мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынады, мектеп формасын сақтайды, мектептен тыс іс-шараларға қатысады.

2021 жылдың 10 қыркүйегі күні экстремизмге қарсы күрес тобының аға жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Мақсат Дастан Қайратұлы №6 Хромтау гимназиясының ұжымымен кездесіп, терроризмнің алдын алу бойынша дәріс өткізді. Дастан Қайратұлы терроризм ұғымы, оның түрлері мен себептері туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп, террористік актілердің орын алуы мен қауіпі жағдайындағы іс-қимыл тәртібі, терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері және лаңкестіктің алдын алу үшін жүргізілетін шаралар жайында баяндады.

4-8 қазан аралығына діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс –қимыл жоспарына сәйкес апталық болып өтті. Апталық барысында 1 сынып білім алушыларымен «Сен және сені қоршаған әлем», 2 сыныптар арасында өткен "Бес нәрседен қашық бол", 3 сыныптарда өткен "Жақсылық пен жамандық", 4 сыныптарда өткен"Жүрек тазалығы", 5 сыныптарда "Иман дегеніміз не?", 6 сыныптарда "Толеранттылық - бейбітшілікке жол", 7 сыныптарда "Дін және бірлік пен татулық", 8 сыныптарда "Заң және дін", 9 сыныптарда өткен «Дін және дәстүр-рухани қазыналар», 10 сыныпта «Адастырушы діни ағымдар», 11 сыныптарда «Зайырлы мемлекет және жоғары руханият “ тақырыптарында өткен тәрбие сағаттары өтті.

8 қазан күні діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес 9сынып білім алушылары теолог Бегимбетов Досхан Алимханұлымен кездесті. Кездесу барысында Досхан Алимханұлы Ислам мен иман, дін сөздерінің ұғымымен таныстырып, білім – ақыл мен парасаттың белгісі екендігін айта отырып, білім алушыларды ең бірінші білім алуға шақырды.

18 қазан -Рухани келісім күніне орай «Рухани келісім күні-тұрақтылықтың іргетасы» атты апталықтың жоспары құрылып, төмендегі шаралар ұйымдастырылып өткізілді. 19 қазан күні «Рухани келісім - бейбіт өмірдің бастауы» /бір ұлт өкілімен/ аясында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында халық арасында бейбітшілік пен татулық, рухани келісімді насихаттау мақсатында пікірлер айтылды. Дөңгелек үстелге Аудандық «Нұр Отан» партиясының жанындағы «Жас Отан»жастар қанатының төрағасы, Қахарман қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рамазанов Фархад қатысып,ой пікірлер айтылды. Сонымен қатар «Рухани келісім-халық бірлігіне бастар жол» атты халықтар достығы туралы 5-6 сынып білім алушылары суреттер салды. Барлық аталған сыныптар жоғарғы деңгейде атсалысты. 20қазан күні «Отбасында толерантты мінез құлықты қалыптастыру» айдарымен мектеп психологі Анарым Бауыржановна ата-аналармен кездесу ұйымдастырды. 21қазан күні «Толеранттылық-әлемге жол» атты сынып сағаттары өткізілді.10 А класс білім алушыларының арасында “Толеранттылық - әлемге жол” тақырыбында сынып сағаты өтті. Білім алушыларға “Толеранттылық” сөзінің мағынасын ашу , қосымша сұрақтар қою арқылы тақырып

төңірегінде әңгімелесу.9 ә сыныбында білім алушыларда толеранттық мінез- құлық қалыптастыру мақсатында "Толеранттылық -әлемге жол" тақырыбында сынып сағаты сағаты өткізілді.

Қаңтар айында «Терроризм - адамзатқа қарсы зұлымдық» тақырыбында 8 "Ә" сыныбымен дәріс сабақ өткізілді. Мақсаты: білім алушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, себептері мен зардаптарын ұғындыра отырып, террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу. Сабақ барысында тақырыпқа байланысты видеоролик көрсетіліп, терроризм, экстремизм ұғымдарына талдау жасалынып, білім алушылардың өз пікірлері тыңдалды. Отан алдындағы жауапкершіліктің мазмұны түсіндірілді.

«Терроризм деген не? Өзіңді қалай қорғауға болады?» тақырыбында 11 "А", 11 "Ә" сыныптарға дәріс сабақ өткізілді. Мақсаты: білім алушыларға терроризм туралы түсінік беріп, оның зардаптары мен қоғамға тигізетін кеселін ұғындыру, бейбіт өмірдің қадір қасиетін бағалай білуге, мейірімділік пен ізеттілікке шақыру. Білім алушылар бос уақыттарын босқа өткізбей, оқуға, жан-жақты білім алуға шақырған видео-ролик ұсынылды, мысалдар келтірілді. Сұрақтар қойылып, ой-пікірлерімен бөлісті. Өткізген: дінтану пәнінің мұғалімі Карагулова Д.К.

Рухани-танымдық тәрбие бағытында 17-21 қаңтар аралығында 1-11 сыныптарда "Ислам-бейбітшілік діні", "Тыйым сөздердің мәні", "Жақсы сөз-жарым ырыс", "Абайдың кара сөздері", "Қазақ жастары қалай киінген?", "Жақсы деген немене, жаман деген немене?", "Дін және дәстүр сабақтастығы", "Мен сен үшін бауырмын", "Кешірім сұрау- адамдықтың белгісі" төзімділік сабақтары өткізілді. 19 қаңтар күні 2022 ж. 10 - 11 сынып білім алушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру, бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін түсіндіру мақсатында «Діни экстремизм - рухани дағдарыс» атты онлайн кездесу өткізілді. Іс – шараға "Хромтау аудандық жастар арасындағы дін мәселелері, қоғаммен байланыс орталығы" КММ теолог маманы Бегімбетов Д.Ә. қатысып, экстремизм мен терроризмнің таралу себептері, оған қарсы әрекет түрлері жөнінде түсіндіре отырып, алдын алу шаралары кеңінен түсіндірілді.

Ақпан айында террористік актілерді болдырмау жөніндегі ата-аналар мен білім алушыларға арналған жаднамалар таратылды. 1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай барлық сыныптарды сынып сағаттары өтті.

Мемлекетті рәміздерді қолдану

2021 жылдың 06 қыркүйектегі гимназия директорының «Мемлекетті рәміздерді қолдану туралы» № 59/1-н/қ бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны болып өтті. Салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы салтанатты түрде кіргізіліп, Мемлекеттік Гимн орындалды.

20-24 желтоқсан аралығындағы «Мемлекеттік рәміздерді біл және құрметте!» атты апталық барысында «Рәміздер – рухымыз, ар ожданымыз», «Қазақстанның мемлекеттік рәміздері және оның даму тарихы», "Тарихымыздағы үш нысан белгісі", «Рәміздер – рухымыз, ар ожданымыз», «Туым, елтаңба, гимн аясында лайықты сапар шегеміз!», «Мемлекеттің басты белгілері», «Білімім байрағым мен ұраным», «Мемлекеттік рәміздер – ел мәртебесі» тақырыптарында ақпараттық сағаттар өткізілді.

20 қаңтар күні білім алушыларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы ақпарат беру, оларды ерекше құрметтеп, мақтан тұту керектігін түсіндіру, өз отанына, оның рәміздеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Мәңгілік елдің-мемлекеттік рәміздері» тақырыбында сайыс өткізілді. Сайысқа 5а,ә,б сыныптары қатысты. Сайыс «Таныстыру», «Кім тапқыр?», «Ойлан, тап!» «Ойлы болсаң озып көр» бөлімдерінен тұрды. Сайыс барысында білім алушылардың рәміздердің шығу тарихы бойынша білімдері тексеріліп, Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтылды. Сайыстың қорытындысы бойынша 5ә сыныбы –«Елтаңба» тобы-І орынға, 5б сыныбы-«Әнұран» тобы-ІІ орынға, 5а сыныбы- «Ту» тобы-ІІІ орынға ие болып, гимназия директорының «Мақтау қағазымен» марапатталды. Шараны ұйымдастырушылар : ұйымдастырушы педагог Дошанова Ақзира, мәдениет және өнер фракциясы министрі Сагинтаева Томирис.

4 маусым-Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күніне орай мерекелік шара ұйымдастырылып, балалар елтанба, ту туралы өлеңдерді жатқа оқып, мемлекеттік гимнді орындап, рәміздер туралы қызықты ақпараттармен танысты. Осы күні Бурабай демалыс орнында демалып жүрген гимназия білім алушылары Мемлекеттік рәміздер күніне орай гимн орындап, мерекелік құттықтау жолдады.

Мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагері:

Мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагері 6 маусымда ата-аналар есебінен ұйымдастырылды. Балалар ыстық тамақпен қамтылған. Таңғы 9.00 ден-15.00-ге дейін жұмыс жасады. Жалпы күндізгі лагерь 1 шілдегі дейін өткізу жоспарланған.

6-17 маусымда күндізгі лагерьде барлығы 50 білім алушы дем алса,

Қорытынды:

2021-2022 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы «жақсы» деп бағаланды.

Ұсыныс:

- «Мектеп-ата-ана» арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту;
- Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды негізге ала отырып тәрбие жұмысын жүргізуді жалғастыру;
- «Ашық есік» күндерін тоқсан сайын өткізуді ұйымдастыру;
- Сабақтар арасында «Көңілді үзіліс» өткізуді жоспарлау;
- Білім алушылар арасында өзара оң қарыс-қатынасты дамыту жұмыстарын жалғастыру;
- Білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

Әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспары бойынша жылдық талдамасы

Әлеуметтік педагогтің жұмысының мақсаты:

Балаларды әлеуметтік қорғау, олардың өмір сүру ортасын, әлеуметтік жағдайларын зерттеу, бала тұлғасының қоғамдағы әлеуметтік бейімделуін анықтау, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтарының алдын алу.

Әлеуметтік педагогтің жұмысының міндеттері:

- Ата-аналармен өз балаларының тәрбиесі мен оқуы үшін жауапкершілікті арттыруға, құқықтық сауаттылықты көтеруге бағытталған алдын алу жұмыстарын жүргізу;
- Әлеуметтік көмекті дер кезінде көрсету, ҚӨЖ қалған оқушылар мен олардың отбасын қолдау;
- ДМШ, мүгедек білім алушыларды әлеуметтік қорғау.
- Мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет мамандарының, әкімшілік орган өкілдерінің оқушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету үшін өзара әрекеттерді үйлестіруі.
- ата – аналарға, педагогтарға әлеуметтік – педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру

Әлеуметтік педагогтің негізгі бағыттары:

- Диагностика қызметі
- Өз қызметінде көмекті қажет ететін балаларды анықтау
- Кәмелетке толмаған білім алушылардың, ата – аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру
- Ерекше назардағы және даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен жұмыстар жүргізу
- Сынып жетекшілер, медициналық қызметкерлер, ата – аналар, мектеп инспекторы және тәрбие одағымен өзара қарым – қатынасты үйлестіру
- Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеу және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік – педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсыну.
- Білім алушыларға психологиялық – педагогикалық көмек көрсету.

Әлеуметтік педагогтің негізгі функциялары:

- Ұйымдастыру
- Әлеуметтік диагностика жүргізу
- Қорғау
- Кеңес беру

Әлеуметтік педагогтің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес гимназияның білім алушыларының әлеуметтік мәртебесін анықтау мақсатында 2021-2022 оқу жылының 1- жарты

жылдығында сынып жетекшілермен сынып паспорты және әлеуметтік картасы жасалды. Сынып паспорты бойынша әр сыныптың білім алушыларының толық емес, көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, өгей ата – анамен тәрбиеленетін білім алушылардың әлеуметтік санаты анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша әр сыныптың білім алушыларының отбасы туралы әлеуметтік статусы анықталып, жалпы гимназияның әлеуметтік паспорты жасақталды. Білім алушылардың отбасындағы келеңсіздіктерді, экономикалық қиыншылықтарды, отбасылық проблемаларды және ата – ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін анықтау мақсатында сынып жетекшілермен біргелікте сыныптың әлеуметтік картасы жасалды. Сыныптың әлеуметтік картасы арқылы көрсетілген мәселе туындамады.

Гимназияда 2021-2022 оқу жылында 713 оқушы мектепке қабылданған. 713 білім алушының ішінде толық емес отбасында тәрбиеленіп жатырған 47 білім алушы болды. Соның ішінде аз қамтылған отбасынан 2 бала ыстық тамақпен қамту бойынша тіркелді. Көпбалалы отбасы балалары – 171, отбасы 95. Көпбалалы отбасының отбасылық – тұрмыстық жағдайы қалыпты. Ата – аналардан әлеуметтік жағдайы туралы шағым түспеді. Жетім және ата- анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны – 1 білім алушы. Қазақстан Республикасының 2001жылғы 23 қаңтардағы №148 «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасы және Қазақстан Республикасының 2011ж 26.12.№518 – IV « Неке және отбасы туралы» Кодексінің 118,119, 121,122 баптарына сәйкес Хромтау аудананың әкімдігі 24.04.2015ж №134 қаулы негізінде Жумабаева Гулсара Умирхановна қорғаншы болып тағайындалған. Гимназияда мүмкіндігі шектеулі 14 білім алушы білім алады. Соның ішінде: ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы – 5, үйде оқытылатын білім алушы – 3. Өгей ата – анамен тәрбиеленіп жатырған білім алушы - 11, отбасы – 9. Отбасының тұрмыстық жағдайы зерделенді. Білім алушылардың оқу қиындығында және отбасылық тұрмыстық, әлеуметтік – психологиялық кедергілер байқалмады. Түрлі себептермен тума – туыстың отбасында тәрбиеленіп жатырған білім алушылар саны – 3. Білім алушылардың ата – анасынан берілген сенім хаты бар. Отбасының тұрмыстық жағдайын зерделеу барысында кедергілер кездеспеді.

Сынып паспортын дайындау барысында азаматтығы жоқ, басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде немесе мектепшілік есепте тұратын балалар анықталмады.

Білім алушы саны	Отбасы саны	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Көпбалалы отбасы	Өгей ата – анамен тәрбиеленетін білім алушылар саны / отбасы саны	Аз қамтылған, АӘК отбасы саны/ білім алушылар	Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар саны/ отбасы	Қамқорлықтағы білім алушы
713	570	666/523	47/36	171/95	11/9	4/3	14/13	1/1

Әлеуметтік паспорттың салыстырмалы көрсеткіші 2021-2022 оқу жылы 1 жж



Қыркүйек – қазан айларында гимназиядағы аз қамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын және жетім, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылардың отбасына

тұрмыстық жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілді. Тұрмыстық жағдайын зерделеу барысында отбасының жағдайы қалыпты, ата – аналарымен ынтымақты қарым – қатынаста екені байқалды. Отбасының күнкөріс деңгейінің бір күндік табысы төмен көрсеткіш көрсетеді. Табыс көзі анықтамасы негізінде отбасы балалары ыстық тамақпен қамтылды. Тұрмыстық жағдайын зерделеу барысында ешқандай келеңсіз оқиғалар кездеспеді. Ішімдікке әуестігі жоқ. Балаларына күш көрсету ықтималы байқалмады. Әлеуметтік жағдайына қарай аз қамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар ыстық тамақпен қамтылды. Мектепке жол акциясы аясында білім алушылардың мектепке келуіне жағдай жасалып, мектеп формасымен, оқу құралдарымен қамтылып, жағдай жасалды.

Ақтөбе облысы білім басқармасының № 2-3949 06.08. 2021 жылғы хаты негізінде «Мектепке жол» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы аясында №6 Хромтау гимназиясындағы аз қамтылған отбасы балаларының 2021 – 2022 жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық көмек көрсету мақсатында жеке кәсіпкерлер «Айгерім+», «Достық», «Асель» «Баракат» дүкендеріне сұраныс тапсырылды. Нәтижесінде №6 Хромтау гимназиясының білім алушыларына «Достық» дүкені жеке кәсіпкер Минасарова Айнұр ханым 9690тг көлемінде оқу құралдарын, «Асель» дүкені жеке кәсіпкер Бекжігітова Рәзия ханым 10000тг көлемінде ер балаға костюм шалбар (тройка) табыстады. Демеушілік көрсеткен барлық жеке кәсіпкерлерге инстаграм парақшасына алғыс жарияланды.

https://www.instagram.com/p/CSWdpI4H_sZ/?utm_medium=share_sheet



«Айгерім +» сауда үйінің иесі, жеке кәсіпкер Светлана Бахитовна екі аз қамтылған отбасы балаларына 35,200тг көлемінде сөмке, туфли және мектеп формасын сыйлап, қуантты. Демеушілік көрсеткен барлық жеке кәсіпкерлерге инстаграм парақшасында алғыс жарияланды. https://www.instagram.com/p/CSrmUe2sjnJ/?utm_medium=share_sheet



«Баракат» дүкенінің иесі, жеке кәсіпкер Зарипов Еркін екі білім алушыға 16110 тг көлемінде спорттық аяқ киім, туфли және ақ жейде, №6 Хромтау гимназиясының ата – анасы Конуспай Ғани жемпір табыстады. https://www.instagram.com/p/CSrmUe2sjnJ/?utm_medium=share_sheet



Аз қамтылған, көпбалалы атаулы әлеуметтік көмек алатын және жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға «Мектепке жол» акциясы аясында **77000тг** көлемінде демеушілер тарапынан көмек көрсетілді. Мемлекеттік сатып алу бойынша мектеп формасы жинағы: пиджак, кеудеше, юбка, блузка, туфли, рюкзак атаулы көмек алатын бір білім алушыға табысталды. К/Ш №1040 16.08.2021ж -20800тг, К/Ш №100 07.08.2021ж 10000тг, жалпы **30800 тг**. Барлығы – **107800тг**



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 [бұйрығына](#) өзгертулер енгізіліп, ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді. Осы өзгерістер негізінде гимназияның 2021ж 1 қазанда №63/1 бұйрығымен әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары және әлеуметтік паспорты құрылымына өзгертулер енгізілді.

04.10.–10.10. аралығында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары негізінде өгей ата – анамен және тума – туыстың отбасында тәрбиеленіп жатырған білім алушылар туралы мәлімет жинақталып, тізім жасалды. Білім алушылардың тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізілді.

Гимназия базасында өгей ата – анамен тәрбиеленіп жатырған 11 білім алушы, 9 отбасы бар екені анықталды. Гимназияда ішімдікке салынған, күш көрсету, дөрекі қарым – қатынас жасаған, өмірде қиын жағдайға душар болған отбасы кездеспеді. Өгей ата – анамен және тума – туыстың отбасында тәрбиеленіп жатырған білім алушылардың тұрмыстық жағдайын зерделеу барысында отбасылардың тұрмыстық жағдайы жақсы екені байқалды. Балалардың ата – анасымен қарым – қатынастары қалыпты деңгейде. Отбасында зорлық – зомбылық, күш көрсету, ішімдікке салыну, ата – анасына қарсы шығу, зорлық – зомбылық көрсету жағдайлары байқалмады. Отбасының тұрмыстық жағдайын тексеру осы жылдың қазан айында жүргізілді. Келесі тексеру мерзімі ақпан айында өтеді, (қажет болғанда отбасы зерделеуге алынады). Өгей ата – анамен тәрбиеленіп жатырған білім алушылардың оқуда немесе мектептен сыртқы өмірінде келеңсіз жағдайлар кездеспеді. Балалардың тәртібі жақсы. Бос уақыттарында үйірмелерге, пәндер қосымшаларына қатысады. Отбасында балалар тәрбиесін ата – аналары бірдей көңіл бөледі. Білім алушылардың отбасына барып, ата – аналармен тілдесіп, балалардың демалыс кезінде бос уақытын тиімді пайдалану, үйірмелерге қатыстыру туралы, отбасындағы ана мен бала, әке мен бала арасындағы қарым – қатынас, отбасылық құндылықтарды сақтау туралы ата – аналарға кеңес берілді. Отбасындағы зорлық – зомбылықты болдырмау, құқықбұзушылықтың алдын алу жайлы әңгіме жүргізілді.

Гимназияда сынып жетекші және психолог, әлеуметтік педагог тарапынан сынып сағаттары, психологиялық түзету – дамыту жұмыстары жүргізіледі. Қажет болғанда білім алушылармен туындаған мәселеге байланысты жеке кеңестер беріледі.

Білім алушылармен 18 қазан күні «Дұрыс тамақтану ережелері» тақырыбында дәріс – сабақтар өткізілді. 5 - сынып білім алушыларымен «Дұрыс тамақтану ережелері» тақырыбында салауатты өмір салтын ұстанудың басты ережесі де дұрыс тамақтануды білуі туралы түсінік бер, дұрыс тамақтану ережелерімен таныстыру мақсатында әңгіме – сабақ өткізілді. Дәріс -сабақ барысында балаларға дұрыс тамақтанудың адам ағзасына пайдасы туралы әңгімелеп берілді. Дұрыс тамақтану ережесі мен дұрыс тамақтанудың негізгі шарттарымен таныстырылды. Өткізілген шара бойынша анықтама жазылды. Қараша айының айлық жоспарына сай атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, көпбалалы, жетім және ата- ананың қамқорлығынсыз қалған білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау шаралары жүргізілді. Нәтижесінде білім алушылар жас ерекшеліктеріне қарай пәндік және спорттық үйірмелерге қатысатыны белгілі болды. Әр түрлі есепте тұрған білім алушылардың сабақтарына қатысым бойынша білім алушылардың сабаққа қатысымы қалыпты, оқу жағдайында қиындықтардың жоқ екені байқалды. Пән мұғалімдері ЕББҚ білім алушыларының оқудағы ерекшеліктерін ескеріп, оқытады.

Әлеуметтік педагог тарапынан 9- сыныптармен өткізілген «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбындағы дөңгелек үстел білім алушылардың өз құқығын білуге деген қызығушылығын оятты. Өзара пікірталасып, ойларын жеткізе білді.



Жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушының анасымен кездесіп, отбасылық тұрмыстық жағдайын, бала тәрбиесіне қатысты пікір алыстық. Әлеуметтік – педагогикалық жұмысты жетілдіру мақсатында пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен кездесу ұйымдастырылып, кеңестер берілді.

Білім алушылармен әлеуметтік педагог және психологтың бірлескен жоспарына сәйкес «Бала құқығы, зорлық – зомбылықтың алдын алудың әлеуметтік – психологиялық аспектілері» тақырыбында дәріс сабақ өтті. Сабақ барысында білім алушыларға педагогикалық – психологиялық жаттығулар, сұрақ – жауаптар беріліп тапсырмалар орындады. Өз ойларымен бөлісті.



Психолог Кушербаева А.Б жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өгей ата - анамен тұратын және гимназияға жаңадан келген білім алушылармен жұмыстар жүргізілді. Танымдық процестерінің деңгейін анықтау жұмысы бойынша білім алушылардың танымдық дамуының деңгейі жақсы және өз жас ерекшелігіне сәйкес қалыпты деп бағаланды. Танымдық қабілеттерінің дамуын сүйемелдеу және одан әрі дамыту жұмыстары бойынша анықталған білім алушылармен жеке кеңес жұмыстары жүргізіліп, білім алушыға түзету дамыту жұмысы бойынша бағдар берілді. Топтық қарым қатынасты және білім алушының топтағы орнын анықтаудың зерттеу нәтижесі бойынша білім алушылардың топтық қарым қатынастағы және топтағы орны топқа қабылданғандар және белсенді білім алушылар қатарында екені анықталды.

Әлеуметтік педагог тарапынан «Зорлық – зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында 9-10 - сынып білім алушыларымен сауалнама жүргізілді. Қатысқаны – 90 білім алушысы. Сауалнама білім алушылармен жасырын түрде, балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу үшін жүргізілді. Білім алушылардан сұрақтарға шынайы жауап беру сұралды. Жауап беруде бірнеше нұсқаны белгілеуге болатыны ескертілді. Сауалнама 13 сұрақтан құралды. Сауалнамаға жауап беру барысында білім алушылардың зорлық, жазалау туралы түсінігі бар екендігі байқалды. Ата-анамен қарым-қатынасың қандай?- деген сұраққа ата-анам досым - 53 – 59 %, жақсы қарым-қатынастамын – 37 – 41 % түсінбеушілік пен даулар , менсінбеушілікпен қарайтын сияқты, қол көтереді деген сұрақтарға жауап берілмеген. Әке-анам келесіге ниет білдіре ме? - деген сұраққа сені мақтауға - үнемі – 35 -39 % құшақтауға - үнемі - 41 - 45 % сүйеге - үнемі – 14- 16% деңгейде жауап алынды.

Нәтижесінде білім алушылардың зорлық – зомбылық туралы түсінік бар екендігі және ата – ана тарапынан зорлық, жазалау болмайтыны анықталды.

Гимназияның жылдық жұмыс жоспарына сай мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың тізімі анықталды. Гимназияда мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылар саны – 14, соның ішінде 6 білім алушы мүгедек анықтамасымен, 8 - ПМПК қорытындысы бойынша тіркелді. Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен және олардың ата – аналарымен педагогикалық – әлеуметтік және психологиялық қолдау жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекші, әкімшілік тарапынан қолдау жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Білім алушылармен бірдей білім деңгейін көрсете алады. Қоғамдық жұмыстарға, іс – шараларға қатысады. Гимназия ішілік, аудандық, сырттай облыстық және республикалық байқауларға қатысуға мүмкіндіктері бар. Білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар қарастырылған, мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепшілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып отырады. Даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен педагогикалық-психологиялық түзету-дамыту жұмыстарының жүргізілуі мен құжаттардың толтырылуы туралы мәлімет берді.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарына сәйкес *желтоқсан айында* ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың сабағына қатысу 02. 12 -10. 12 аралығында жүргізілді. 8 желтоқсан күні «Уақыт, тәулік» тақырыбы бойынша математика сабағына қатыстым. Математика сабағында 2ә - сынып білім алушысы Сағи Г партада отыруға, әріптерді қосып оқуға бейімделгені, санау, қосу, азайту амалдарын меңгергені байқалды. Қайталама бағдарламамен 1в сыныбында оқитын Ахметова Дания көп мұғалімімен еркін қарым – қатынаста отырды. Математика сабағында есептерді еркін шығарды.

14 желтоқсан күні "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты оқып таныстым. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 1-бап 17 тармақшасындағы «кемтар» «оларды» деген сөздер тиісінше «мүмкіндігі шектеулі», «оларды психологиялық – педагогикалық қолдау» деген сөздермен ауыстырылған.(1-бап, 13-1) тармақшасында мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау – мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді еңсеру және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы айтылған. 3-бапта Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау, оның мақсаттары, міндеттері мен принциптері туралы қаралды.


24 желтоқсанда сынып жетекшілерге «Девиантты мінез – құлық» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді. Семинар барысында сынып жетекшінің девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс ерекшеліктері туралы түсінік берілді. Девиантты мінез-құлықтың 4 түрі атап айтылды. Семинар барысында сынып жетекшілер топтық жұмыс орындап оқушылармен профилактикалық жұмыс жүйесі, девиантты мінез-құлық отбасыларын анықтау туралы пікірлерін білдірді. Семинар соңында жаднама берілді.

Жаңа жыл шыршасы қарсаңында жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру, жаңа жылдық шыршада аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасындағы оқушыларды сыйлықпен қамтамасыз ету, облыс, аудан әкімінің шыршаларына әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру туралы тізім жасақталып, балаларды аудан көлемінде ұйымдастырылған жаңа жылдық мерекеге қатыстырылды. Гимназияда өткізілген Жаңа жыл шыршасына 47 көпбалалы, аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар қатысты. Аяз атаның сыйлықтары табысталды.

Жоспарға сәйкес ата – аналармен «Ата – ананың педагогикалық мәдениеті» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі сауалнаманың қорытынды нәтижесінде көрсетілді.

Үйден оқытылатын білім алушыларына пән мұғалімдері бекітіліп, үйден оқыту туралы бұйрық, сабақ кестесі әзірленді. Білім алушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері күнделікті уақытымен сабақ береді. Гимназия психологы балалармен танымдық диагностикалық зерттеу, түзету - дамыту жұмыстарын жүргізді. Үйден оқытылатын білім алушылардың ата

– аналармен үнемі байланыста болып, әлеуметтік – психологиялық, педагогикалық кеңес беру жұмыстары берілді. Психологпен бірге отбасының тұрмыстық жағдайы зерделенді. Серік Ернұрға гимназия тарапынан магнитті тақта, танымдық - дамытушылық ойындар, ойыншықтар табысталды. Жаңа жыл шыршасына балалар жаңа жылдық мерекеге қатысып, Аяз ата, Ақшақардың сыйлығын алды. Куандықов И. денсаулығына байланысты Ресей Федерациясына ота жасатуға наурыз – сәуір айында баруына байланысты, №6 Хромтау гимназиясы ұжымы 183200тг қаржылай көмек көрсетті. Білім алушылардың сабаққа қатысымы қалыпты. Жаңа жылдық мерекеге орай «Тұрғын үй құрылыс жинақ» (Отбасы банк) есеп шотына 20000тг салынды.




2021-2022 оқу жылының жоспарына сәйкес 2- жарты жылдық бойынша сыныптағы білім алушылар санының құрылымының өзгеруіне байланысты олардың әлеуметтік мәртебесін анықтау мақсатында сынып жетекшілер арқылы сынып паспортына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Сынып паспорты бойынша әр сыныптың білім алушыларының толық емес , көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі , жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, өгей ата – анамен тәрбиеленетін білім алушылардың әлеуметтік санаты қайта қаралды. Нәтижесінде 4а және 5б сыныбына өгей ата – анамен тәрбиеленетін білім алушы келгені анықталды.

Білім алушы саны	Отбасы саны	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Көпбалалы отбасы	Өгей ата – анамен тәрбиеленетін білім алушылар саны / отбасы саны	Аз қамтылған, АӘК отбасы саны/ білім алушылар	Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар саны/ отбасы	Қамқорлықтағы білім алушы
713	570	666/534	49/36	171/95	13/11	5/4	15/13	1/1

Қаңтар айының 10 - 14 аралығында «Д» есептегі оқушыларды, сәтсіз отбасын анықтау, ерекше қажеттілікті талап ететін және үйден оқытылатын білім алушылардың тізімін қайта қарау, жаңадан келген білім алушылардың мектепке бейімделуін және отбасылық жағдайын анықтау, әлеуметтік паспортты жаңарту жұмыстары жүргізілді. 25 қаңтар күні «Отбасы құндылығы – отбасы жылуы» дәріс тренинг психологпен бірге өткізілді. психологтар «Балаңыз қандай, сол қалпында қабылдаған оңайырақ!» тақырыбында кеңес берді. 26 қаңтар 9-11 сынып білім алушылармен «Құқық бұзушылық және жауапкершілік» туралы психологпен біргелікте әңгімелесу сабағы өткізілді. Психолог тарапынан білім алушылармен тренинг жаттығулар өткізілді. Әлеуметтік педагог білім алушыларға құқықбұзушылық туралы түсіндіре отырып, олардың жауапкершілігі мен міндеті туралы айтты. «Жақсы қарым-қатынас орнатудың 21 ережесі» бойынша білім алушыларға кеңес берілді. Жаңадан келген өгей отбасында тәрбиеленетін білім алушылардың тұрмыстық жағдайын зерделеу жұмыстары жоспарланды. 27.01. «Денсаулықтың он құпиясы» тақырыбында кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылды. 28 қаңтар күні ата – аналармен «Ата – ананың шамадан тыс қамқорлығы» (Отб тәрбиесі 181-б) туралы жиналыс өткізілді. Жиналысқа мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың ата – аналары қатысты. Ата – аналарға балаларды шамадан тыс қамқорлық көрсету баланың ынжық, жігерсіз болып туылуына әкелетіні туралы айтылды.

14 қаңтар күні жылдық жұмыс жоспарына сай ата – аналармен дәріс – тренинг өткізілді. Іс – шара ZOOM платформасында жүргізілді. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Бала ата – ананың тағылымы арқылы өседі» деген ұлағатты сөзін әр отбасы бойтұмарына айналдыруы керек екендігін айта отырып, баланың қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік орта, тұлғалық қасиетіне негіз қалайтын отбасы құндылықтары туралы ақпарат берілді. Ата – аналар дәріске белсенді қатысып өз ойларын білдірді. Дәріс – тренинг барысында ата – аналарға кеңестер ұсынылды.



Жылдық жоспарға сәйкес ақпан айының 01.–12.02 аралығында ЕББҚ бар білім алушылармен «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауына қатыстыру шаралары ұйымдастырылды. Жыл сайын өтетін республикалық «Шексіз шығармашылық» байқауына білім алушылар үздіксіз қатысып келеді. 2021-2022 оқу жылында байқауға технология пәнінің мұғалімі Мопықова Бексана 4 білім алушыны дайындады. Жұмасейіт Б 6б –сынып, Ахметова Д 1в- сынып, Оңдасын Нұртас 1в- сынып «Алтын қолдар» номинациясы бойынша жұмыстар дайындап жіберді. 7 ақпан күні 10 - сынып білім алушыларымен «Баланың парызы мен міндеті» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Әңгіме барысында отбасындағы баланың міндеті мен парызы не? - деген сұраққа жауап беріп, өз ойларын айтты. Әңгімелесудің мақсаты әрбір бала өз отбасының мүшесі екендігін сезіну және сол отбасындағы міндетін білу болды. Білім алушылар әңгімелесу барысында өз міндеттерін айтып, ата – ана алдындағы парызын өтеу үшін олар берген тәрбиені бойына сіңіріп, адалдық жолымен жүру керек деп түсіндірді.

8-сынып білім алушыларымен «Адамдармен қарым - қатынас» тақырыбында кеңес беру жұмысы 14 қазан күні өткізілді. Адамдармен қарым – қатынас жасау туралы түсінік беріле отырып, адамдарды сыйлаудың жас ерекшелігіне қарамай, бәріне бірдей қарым – қатынаста болу керектігі айтылды. Дейл Карнегидің «Дос табуудағы қарым – қатынас» кітабын оқуға ұсыныс білдірілді.

7-сынып білім алушыларымен «Темекінің зияны» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Гимназия медбикесі темекінің зияны айтып, денсаулыққа кері әсері тигізетіні туралы түсіндірді. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушылармен жиі байланысқа шығу, тұрмыстық жағдайларын бақылау, ағарту жұмыстарын жүргізу, акт жүргізу бойынша жаңадан келген, өгей ата – анамен тәрбиеленіп жатырған 4а және 5б сынып білім алушыларының отбасының тұрмыстық жағдайы зерделенді. Зерделеу барысында ешқандай кедергілер болмады. Балалар әкелеріне тез үйреніп, әкесі ретінде қабылдаған. 24 ақпан күні қыз балалардың адамгершілік - әйелдің тынысы, қарапайымдылық - өмірдің күші, әдептілік - ішкі жан дүниесі, оның интеллектісі, парасаты мен сезімі сыртқы келбетінен табылатыны туралы түсінігін кеңейту мақсатында 10 - сынып қыздарымен «Әдептілік – адамгершілік бастауы» тақырыбында танымдық сағат өтті. Танымдық сағат барысында қыздар әдептілік туралы, өз ойларын білдірді. Пікірлесу арқылы әдептілік туралы ақпарат алды. Қоғамда, отбасында, достардың ортасында, кез – келген жерде әдепті, ибалы болудың, әдепті адам істейтін ісіне, сөйлейтін сөзіне, қабылдайтын шешіміне баса назар аудару керектігін айтып, ой бөлісті. Жұмыс барысында ой бөлісіп, берілген ойды аяқтау арқылы әдептіліктің адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі екендігін түсінді.



Қолайсыз отбасыларды үнемі бақылауда ұстау, ата-аналармен байланысқа шығып отыру бойынша қолайсыз отбасы анықталмады. Жалпы мектеп бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары тәлімгерлер, психологтар, әлеуметтік педагог тарапынан жүргізіліп тұрады. 23.04 күні ЕББҚ білім алушыларының оқудағы қиындығын анықтау мақсатында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлармен, педагогтармен кездесу өтті. Кездесу барысында ЕББҚ балаларының оқуда қиындығы жоқ екені, жалпы білім беру бағдарламасын талапқа сай орындап отырғанын ескертті.

1 наурыз күні Алғыс күніне орай «Сізге рақмет айтамын!» тақырыбында 5, 11- сынып білім алушыларымен іс – шара өтті. 5- сынып білім алушылары ата – аналарына, бауырларына, ұстаздарына алғыстарын айтты. 11- сынып білім алушылары тілектерін білдірді.



Наурыз айының 10.03-15.03 аралығында аз қамтылған білім алушылардың сабаққа қатысымын қадағалау айлық жоспарға сай ұйымдастырылды. Ай бойы мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды «Жұлдызай» фестиваліне қатыстыру бойынша жұмыстану жоспарланды. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу маңызды. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Сондықтан да білім алушылармен құқықбұзушылықтың алдын – алу бойынша кеңес беру жүргізілді. Білім алушыларға «Жақсы қарым – қатынас орнатудың 21 ережесі» туралы кеңес берілді. Кешірімді адам ең мықты адам - демекші білектегі күшіңе сеніп, күшпен шешуге ұмтылу емес. Саналы, ақылды адам ешқашан ешкімге қиянат жасамайды – деп балаларға адамдар арасында қызбалыққа салмай сабырлы болу керектігіне кеңес берілді. 10 наурыз күні «Ағзаға пайдалы тағамдар» 5,6-сынып білім алушыларымен пікірталас жүргізілді. Оқушылардың пайдалы тағамдардың түрлері туралы білімдерін тереңдету. Адамның ағзасына қажетті тағамдағы заттардың ерекшелігін түсіндіру. Пайдалы тағамдардың түрлерімен таныстыру мақсатында өткізілген пікірталас білім алушылардың жағдаятты шешу, мақал – мәтелдерді аяқтау тапсырмаларымен жалғасты. Пікірталас соңында денсаулық мықты болу үшін не істеу керектігі туралы кеңестер берілді. 11 наурыз күні «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті!» акциясы аясында 6 - сынып білім алушыларымен «Вейп» электронды темекісінің денсаулыққа қауіпті екенін және балалардан ол жайлы не білетіні сұрау арқылы электронды темекінің адам ағзасына зияны туралы әңгіме жүргізілді. Қазіргі шығып жатқан электронды темекі, оның құрылымы, түрлері туралы мәлімет беру. Вейптің қауіпті жақтарын көрсету арқылы адамзат үшін «ең қымбаты-денсаулық» екеніне көз жеткізу, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру

мақсатында өткізілген әңгіме – сабақта электрондық темекі не береді: бұл құрылғының зияны қандай?- деген сұрақ қою арқылы балалардың жауабы тыңдалды.



Жұқпалы аурудың алдын алу туралы 10-11- сынып білім алушыларына гимназия медбикесімен бірге кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Жұқпалы аурулардың түрлерімен таныстырды. «Балалар үшін ата-ананың жауапкершілігін күшейту» тақырыбында кеңес беруде ата – аналарға ата – ананың бала тәрбиесіндегі міндеттері туралы, ата – ана үшін жауапты екені айтылды. 25 наурыз күні балалардың көктемгі демалысына орай әлеуметтік - психологиялық –педагогикалық қолдау мақсатында білім алушылармен "Сinema- Khrom" кинотеатрына саяхат ұйымдастырылды. Балалар "Зверопой 2" деп аталатын мультфильм тамашалап, түскі ас ішіп, әңгімелесіп көңілді отырды. Мультфильмнен алған әсерлерімен бөлісті. Балаларға көңілді күн сыйлаған демеушілер "Сinema- Khrom" ұжымына және №6ХГ ата-аналарына алғыс айтамыз.



Сәуір айының жоспарына сәйкес аз қамтылған, көпбалалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын және жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларды қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерге баруын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. «Тиімді қарым – қатынастық байланысқа бейімделу ережелері» тақырыбында ата – аналарға арналған кеңес жүргізіліп, жаднама берілді. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, психолог және әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес 15 сәуір күні 9-11 сынып білім алушыларын кәсіптік бағыттау мақсатында "Мамандық таңдау; қабілет, қызығушылық, мүмкіндік" тақырыбында мамандармен кездесуге арналған танымдық сағаты өткізілді. Маман иелері мен кездесуге есепші, мұғалім, Хромтау ауданы №20 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші - құтқарушы мамандары, ДНК шахтасының маркшейдер мамандары келіп, өз мамандықтары туралы ақпарат беріп, қызықты сәттері мен бөлісті. Маман иелері мен кездесу өте пайдалы, қызықты өтті. Кездесу барысында білім алушыларға мамандық таңдауда өзінің қабілет қызығушылығын ескеру басты назарда болуы туралы кеңес

берілді.



Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың оқудағы қиындықтарын анықтау мониторингі пән мұғалімдері тарапынан жасалды.

Мамыр айының айлық жоспарына сәйкес әлеуметтік педагогтың жұмысы жөнінде жылдық жоспары қорытыланды. Әлеуметтік осал топ отбасы балаларының жазғы демалыста лагерьге баруының қамтылуы туралы тізім бекітілді. Демеуші тарапынан қолдау көрсетіліп, Сисенбай Н және Ауданбай М мектепшілік ақылы лагерьге қатысты.

Тізім бойынша аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Шұғыла» лагерінің 2-ауысымына 3 білім алушы Сисенбай Н, Ауданбай Р және Ауданбай М бекітілді. 2-ауысым 04.07.-15.07.2022ж басталады.

Жекелеген санаттағы білім алушыларға тегін ыстық тамақты ұйымдастыру туралы талдама 2021 – 2022 оқу жылы

2021- 2022 оқу жылының 02 қыркүйек №57/8 н/қ негізінде тегін ыстық тамақты ұйымдастыру туралы бекітілген бұйрық бойынша жекелеген санаттағы білім алушылардың дұрыс, мезгілінде тамақтануын ұйымдастырып, есепке алуға жауапты әлеуметтік педагог Максимова Г.Т бекітілді. Әлеуметтік педагогтың гимназия бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, көпбалалы және жетім және ата – ананың қамқорлығынсыз қалған 6 білім алушы ата – аналарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы, 10-қосымшаға сәйкес "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде құжаттары жинақталып, ыстық тамақпен қамтылды.

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамын құру туралы 2021ж 31 тамыз №55/8- н/қ бұйрық негізінде төмендегідей комиссия құрамы бекітілді:

Комиссия құрамының төрағасы

Г.О. Мукашева - №6 ХГ директоры

Комиссия мүшелері:

Б.И. Жасағанбергенова - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

